

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКИЕ ПОСОБИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

КӨПІРЛЕРДІ ЖОБАЛАУ.

**1 бөлім. Жалпы ережелер. Жүктемелер мен әсер
етуді анықтау**

ПРОЕКТИРОВАНИЕ МОСТОВ.

**Часть 1. Общие положения. Определение
нагрузок и воздействий**

**ҚР НТҚ 01-02.1-2012 (ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011-ге)
НТП РК 01-02.1-2012 (к СН РК EN 1991-2:2003/2011)**

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс,
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын
басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и
управления земельными ресурсами
Министерства национальной экономики Республики Казахстан**

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «АЗДИ» ЖШС
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап
- 4 ОРНЫНА:** Алғашқы рет

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «АЗДИ»
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года
- 4 ВЗАМЕН:** Впервые

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	VI
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	2
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	3
4 БЕЛГІЛЕР МЕН ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІ	6
4.1 Жалпы белгілер	6
4.1.1 5 және 6-тарауларында белгіленген белгілер	6
4.1.2 7-тарау үшін қабылданған белгілер	7
4.2 Өлшем бірліктері	12
5 АВТОЖОЛ КӨПРЛЕРІНЕ ТҮСЕТІН ЖҮКТЕМЕЛЕР МЕН ӘСЕРЛЕР	13
5.1 Жалпы ережелер	13
5.2 Қажу деңгейінен (төзімділіктен) басқа ақырғы жағдайлардың барлық тексерулері үшін қолданылатын вертикаль ауыспалы жылжымалы жүктемелер.....	13
5.2.1 Жалпы мәліметтер.....	13
5.2.2 Жүретін бөлікті жүктеу жолақтарына бөлу. Жүктеу жолақтарын нөмірлеу ережелері	14
5.2.3 LM1 жүктемесі	16
5.2.4 LM2 жүктемесі	18
5.2.5 LM3 жүктемесі	19
5.2.6 LM4 жүктемесі	19
5.3. Горизонталь күштер	20
5.3.1 Тежеу және жылдамдату күштері	20
5.3.2 Орталықтан сыртқа тебетін және басқа да көлденең күштер	20
5.4 Ауыспалы жылжымалы жүктемелердің (жүктемелер тобының) үйлесімділігі.....	21
5.5 Төзімділікті тексеруге арналған автомобиль көлігінен түсетін вертикаль ауыспалы жүктемелер моделі	23
5.5.1 Жалпы ережелер.....	23
5.5.2 FLM1 және FLM2 қажу деңгейін тексеретін жүктемелер	24
5.5.3 FLM3 қажу деңгейін тексеруге арналған жүктеме моделі	26
5.5.4 FLM4 және FLM5 қажу деңгейін тексеруге арналған жүктеме модельдері	30
5.5.5 FLM1 және FLM4 қажу деңгейін тексеруге арналған жүктеме модельдерімен жүктеу ережелері	31
5.6 Автомобиль көлігіне арналған апаттық есептік жағдайлар	33
5.6.1 Жалпы ережелер	33
5.6.2 Көлік құралдарының көпір астында көпір ғимаратының конструкцияларымен соқтығысуы	33
5.6.3 Көлік құралының бойлама құрылыстың жаяужолына шығуы	33
5.6.4 Жолдың жиектеріне әсер ететін соқтығысу күштері	34

5.6.5 Қоршау құралдарына әсер ететін соқтығысу күштері	35
5.7 Тіректерді есептеуге арналған жүктеме модельдері	35
5.8 Темір бетон бойлама құрылысты ауыспалы жылжымалы LM1 жүктемесіне есептеу мысалы	36
5.9 Бойлама металл құрылыстың LM1 ауыспалы жылжымалы жүктемеге және төзімділікті есептеуге арналған жүктемеге есептеу мысалы	47
5.10 Автокөлік құралының соққысынан болатын тірек бағанасындағы күшті анықтау мысалы	54
6 ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР КӨПІРЛЕРІНЕ ТҮСЕТІН ЖҮКТЕМЕЛЕР МЕН ӘСЕРЛЕР	56
6.1 Вертикаль ауыспалы жылжымалы жүктемелер	56
6.1.1 Жалпы ережелер.....	56
6.1.2 Бір қалыпты бөліп таратылған жүктеме	56
6.1.3 Жинақталған жүктеме	56
6.1.4 Қызмет көрсететін көлік құралдары	57
6.2 Горизонталь жүктемелер	57
6.3 Көлік пен жаяу жүргіншіден түсетін жүктемелерді үйлестіру ережелері	58
6.4 Жаяу жүргінші көпірлерінің бойлама құрылысын тексерудің динамикалық белгілері.....	58
6.5 Қызмет көрсететін көлік құралдарынан түсетін вертикаль ауыспалы әсерлерге бойлама металл құрылысты есептеу мысалдары	58
7 ТЕМІРЖОЛ КӨЛІКТЕРІНЕН ТҮСЕТІН ЖҮКТЕМЕЛЕР	61
7.1 Жалпы ережелер.....	61
7.2 Жылжымалы құрамнан түсетін вертикаль жүктемелер	61
7.2.1 71 Жүктеме моделі	61
7.2.2 SW/0 және SW/2 жүктеме модельдері	63
7.2.3 «Жүктелмеген поезд» жүктеме моделі	63
7.2.4 HSLM жүктеме моделі	64
7.2.5 Жер қабатына түсетін балама вертикаль жүктеме және топырақ қысымының әсері	66
7.3 Конструкцияның динамикалық күйінің әсерлерін есептеу	66
7.3.1 Жалпы ережелер.....	66
7.3.2 Динамикалық коэффициент $1+\varphi$	67
7.3.3 Φ (Φ_2 , Φ_3) динамикалық коэффициенті	69
7.3.4 Анықтаушы ұзындық L_Φ	72
7.3.5 Динамикалық «қосымша» коэффициенті φ_{dyn}^I	72
7.4 Сипаттамалық горизонталь жүктемелер	73
7.4.1 Орталықтан сыртқа тебетін күштер	73
7.4.2 Дөңгелектердің бүйір қысымының күші	75
7.4.3 Тежеу және ауырлық күштері	77
7.5 Жүктеу ережелері	78
7.6 Жүктемелер тобы	79
7.7 Динамикалық есеп параметрлері	80

7.7.1 Жалпы ережелер.....	80
7.7.2 HSLM жүктеме модельдерімен конструкцияларды динамикалық жүктеу параметрлері	83 87
7.7.3 Қарастыруға жататын жылдамдықтар	88
7.7.4 Конструкцияны демпфирлеу	89
7.7.5 Көпірдің қаттылығы	90
7.7.6 Көпірдің салмағы	90
7.7.7 Жүктемелердің үйлесімдігі мен HSLM жүктемесіне арналған коэффициенттердің комбинациясы	91
7.7.8 Динамикалық есептеу қажет болғанда шекті жағдайларды тексеру	92
7.8 Жүріп жатқан поездардан түсетін аэродинамикалық әсерлер	92
7.8.1 Жалпы ережелер.....	93
7.8.2 Рельс жолдарына параллель (мысалы, шудан қоғайтын экрандар) вертикаль жабындыларға түсетін аэродинамикалық әсерлер	94
7.8.3 Рельс астындағы горизонталь жабындыларға (мысалы, жоғарғы қорқайтын конструкциялар) түсетін аэродинамикалық әсерлер	95
7.8.4 Рельс жолдарына жақын горизонталь жабындыларға (мысалы, вертикаль қабырғалары жоқ платформаның төбесі) әсер ететін аэродинамикалық әсерлер	96
7.8.5 Рельс жолының қасындағы көп жабындылардан (вертикаль, горизонталь немесе көлбеу) тұратын конструкцияға әсер ететін аэродинамикалық әсерлер (мысалы, еңкейген шу оқшаулары, вертикаль қабырғалары бар платформалардың төбелері)	96
7.8.6 Шектелген ұзындық бойында (20 м дейін) конструкцияның жақындату габариттеріне (рельс жолдарының үстіндегі горизонталь жабынды, аз дегенде бір вертикаль қабырға, мысалы төсеме тақталар, уақытша ғимараттар) жақын жабындыларға әсер ететін аэродинамикалық әсерлер	97
7.9 Қажу деңгейін бағалауға арналған темір жол қозғалысынан түсетін жүктемелер.....	98
7.10 Апаттық әсерлер. Рельстерден шығып кету	98
7.10.1 Теміржол көпірінде теміржол көлігінің рельстерден шығып кетуі кезінде болатын әсерлер	99
7.10.2 Апаттық есептік жағдайларға арналған конструкцияның астында немесе оның қасында рельстерден шығып кетуі және басқа да әсерлер	100
А ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық).....	100
А.1 Жалпы ақпарат	100
А.2 Ауыспалы әсерлердің көрнекі мәндері	103
А.3 Әсерлердің есептік мәндері	108

Б ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) LM3 жүктемесі.....	112
В ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) Қажу деңгейін бағлауға арналған поезд типтері. Көліктік композициялар	119
Г ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) Ауыспалы әсерлерге конструкция мен рельс жолдарының бірге жұмыс істеуі	119
Г.1 Жалпы ережелер	119
Г.2 Көпір конструкциясы мен рельс жолының бірге жұмыс істеуіне әсер ететін параметрлер	121
Г.3 Ескерілуі тиіс әсерлер	122
Г.4 Рельс жолдары мен конструкцияның біріккен жүйесін бейнелеу және есептеу.....	123
Г.5 Есептік өлшемдер	123
Г.5.1 Рельс жолы	124
Г.5.2 Конструкция деформациясының шекті мәндері	125
Г.6 Жеке бойлама құрылысқа арналған жеңілдетілген есептеу әдісі.....	128
Д ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық)Динамикалық есептеудің қажеттігі болмағанда қанағаттандырылуы тиіс өлшемдер	128

КІРІСПЕ

Осы нормативтік-техникалық құралды «Қазақ сейсмикалық құрылыс және сәулет ғылыми зерттеу және жобалау-тәжірибе институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (ҚазҒЗСТҚСИ) Қазақстан Республикасында көпір құрылысын жобалаудың нормативтік базасын жетілдіру және оны еуропалық нормативтік құжаттармен үйлестіру мақсатында дайындады.

Нормативтік-техникалық құралда: ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 (Конструкцияларға түсетін әсерлер. 2-бөлім. Көпірлерге түсетін көліктік жүктемелер» «автожол, жаяу жүргінші және теміржол көпірлерін» жобалау талаптары; осы талаптарды нақтылайтын және дамытатын ережелер; ұсыныстар мен ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 ережелерін қолдану мысалдары берілген.

Осы құралды дайындау кезінде бірқатар еуропалық стандарттар, сондай-ақ Еуропалық Одақ елдерінде Еурокод нормалар жүйесін енгізу бойынша жұмыстар шеңберінде дайындалған еуропа елдерінің ұқсас бірқатар құралдары зерттелді. Ол құжаттарда әртүрлі көпір конструкцияларын сынамалы жобалар нәтижелері бар.

ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 ережелерінің тармақтары мен кестелерінің нөмірі, мәтіні осы нормативтік-техникалық құралдың (НТҚ) тармақтары мен кестелеріне ұқсайды, тік жақшаларда НТҚ тармақтары мен кестелерінің қасында көрсетілген.

Осы құралда сілтеме жасалған ҚР ҚН EN басқа тармақтарының нөмірлері НТҚ сәйкес мәтінінде берілген.

НТҚ берілген сурет ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 суретіне ұқсас болғанда, НТҚ суреттің нөмірінің қасына ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 суретінің нөмірі беріледі.

Осы нормативтік-техникалық құрал жобалау ұйымдарының инженер-техникалық жұмысшыларына, ғылыми жұмыскерлерге, жобалық құжаттаманың тапсырыс берушілеріне, жоғары оқу орындарының оқытушылар мен студенттеріне арналған.

Осы құрал Қазақстан Республикасының нормативтік құжаты ретінде еркін түрде қолдану үшін әрекетке енгізілуде.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ
НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**КӨПІРЛЕРДІ ЖОБАЛАУ. 1-БӨЛІМ.
ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР. ЖҮКТЕМЕЛЕР МЕН ӘСЕР ЕТУДІ АНЫҚТАУ**

**ПРОЕКТИРОВАНИЕ МОСТОВ. ЧАСТЬ 1.
ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ. ОПРЕДЕЛЕНИЕ НАГРУЗОК И ВОЗДЕЙСТВИЙ**

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Осы нормативтік-техникалық құрал көлік пен жаяу жүргіншілерден болатын жүктемелерге таралады және көлік құралдарының қозғалысына байланысты ережелер мен есептік ситуацияларды белгілейді. Оларды автожолдар мен теміржолдарда орналасқан, сондай-ақ жаяу жүргінші маршруттарында орналасқан көпір құрылыстарын жобалағанда ескеру қажет.

Осы нормативтік-техникалық құралдамыналар қолданылған:

- ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 ішіндегі автожол, жаяу жүргіншілер мен теміржол көпірлеріне көліктерден түсетін жүктемелерді анықтау принциптері мен ережелерінің негізіндегі ережелер;
- көпірлерді жобалағанда ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 ережелерін тәжірибеде қолдануды көрсететін мысалдар;
- басқа да ҚР ҚН EN сәйкес кейбір ережелері, мысалы, ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 ережелерінен «Құрылысты жобалау негіздері»;
- Қазақстан Республикасының заманауи нормативтік құжаттары бойынша жобаланған автожол көпірлерінің жобаларындағы мақұлданған нәтижелер.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы нормативтік-техникалық құралды қолдану үшін төмендегі сілтеме нормативтік құжаттар қажет:

ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 Ұлттық ерекшеліктері бар күш түсетін конструкцияларды жобалаудың негіздері

ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 Құрылыстарға әсері. 1-1-бөлім. Салыстырмалы салмақ, ұлттық ерекшеліктері бар ғимараттарға түсетін тұрақты және уақытша жүктемелер

Ресми басылым

ҚР НТҚ01-02.1-2012

ҚР ҚН EN 1991-1-7:2006/2011 Құрылыстарға әсері. 1-7-бөлім. Жалпы әсерлер. Ұлттық ерекшеліктері бар ерекше әсерлер

ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 Құрылыстарға әсері. 2-бөлім. Ұлттық ерекшеліктері бар көпірлерге түсетін көліктік жүктемелер.

ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 Темір бетон конструкцияларын жобалау. 1-1-бөлім. Жалпы ережелер және ұлттық ерекшеліктері бар ғимараттарға арналған ережелер

ҚР ҚН EN 1992-2:2005/2011 Темір бетон конструкцияларын жобалау. 2-бөлім. Темір бетон көпірлер. Ұлттық ерекшеліктері бар ғимараттарды жобалау және есептеу ережелері

ҚР ҚН EN 1993-1-9:2005/2011 Болат конструкцияларды жобалау. 1-9-бөлім. Ұлттық ерекшеліктері бар құрылыстардың қажу деңгейінің беріктігі

ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 Болат конструкцияларды жобалау. 2-бөлім. Ұлттық ерекшеліктері бар болат көпірлер

ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 Болат темір бетон конструкцияларды жобалау. 2-бөлім. Ұлттық ерекшеліктері бар көпірлерге арналған негізгі принциптер мен ережелер

ҚР ҚН EN 1995-2:2004/2011 Ағаш конструкцияларды жобалау. 2-бөлім. Ұлттық ерекшеліктері бар көпірлер

ҚР ҚН EN 1997-2:2007/2011 Геотехникалық жобалау. 1-бөлім. Ұлттық ерекшеліктері бар құрылыстардың жалпы ережелері

ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 Сейсмикалық берік конструкцияларды жобалау. 2-бөлім. Ұлттық ерекшеліктері бар бар көпірлер

ҚР ҚН EN 1999-1-1:2007+A1:2009/2011 Алюминий конструкцияларды жобалау. 1-1-бөлім. Ұлттық ерекшеліктері бар құрылыстардың жалпы ережелері

ҚР ҚЕ 3.03-33-2013 Көпірлер мен құбырлар

ҚР ҚТ 1379-2005 Көпір ғимараттары мен автомобиль жолдарындағы су өткізу құбырлары. Конструкцияның жақындау габариттері

ҚР ҚТ МСТ Р 52607-2010 Автомобильдерге арналған ұстап тұратын, қапталдағы жол қоршаулары. Жалпы техникалық ережелер

ЕСКЕРТПЕ Осы құрылыс нормаларын пайдаланғанда, ақпараттық «Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы мен құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізілімі», «Қазақстан Республикасының стандарттау бойынша нормативтік құжаттарының көрсеткіші» және ағымдағы жылдағы жай-күйіне қарай жыл сайын құрылатын «Мемлекетаралық нормативтік құжаттардың көрсеткіші» бойынша сілтеме құжаттардың әсерін тексерген жөн. Егер сілтеме құжат ауыстырылатын (өзгертілетін) болса, осы нормативтерді пайдаланғанда, ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтеме құжат ауыстырылмай алынып тасталса, оған сілтеме жасалған ереже осы сілтемеге қатысты емес жағынан қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы нормативтік-техникалық құралда ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 берілген тиісті анықтамалары бар төмендегідей терминдер қолданылады:

3.1 Аралық құрылыс (deck): Көлік құралдарынан түсетін жүктемелерді қабылдап, оларды пилондардан басқа аралық тіректерге, тіреулер мен басқа да конструкцияларға беретін көпірдің бөлігі.

3.2 Жолдың қоршау құрылғылары (road restraint system): Жолдарда пайдаланылатын көліктер мен жаяу жүргіншілерге арналған қоршау құрылғыларының жалпы атауы.

ЕСКЕРТПЕ Жолдың қоршау құрылғылары оларды пайдалану тәсіліне қарай төмендегідей болып бөлінеді:

- тұрақты (қозғалмайтын) немесе уақытша (жиналмалы, яғни олар алынып тасталынады және уақытша жол жұмыстары, апаттық немесе осындай жағдайларда қолданылады);
- деформацияланатын немесе қатты;
- бір бағытқа ғана жұмыс істейтін бір жақты немесе екі бағытқа да жұмыс істейтін екі жақты.

3.3 Қорғаныш қоршау құрылғысы (safety barrier): Көлік құралдарына арналған жолды қоршайтын құрылғы, ол жолдың бойында немесе оны бөліп тұратын белдікте орналастырылады.

3.4 Жаяужолдың қалқандықоршауы (vehicle parapet): Көпірдің шетінде немесешетіне жақын жерде немесе тірек қабырғада немесе биіктен құлау қаупі бар сияқты конструкцияларда орналастырылатын қорғаныш қоршау құрылғы. Ол жаяу жүргіншілер мен көпірдің басқа да пайдаланушыларын қосымша қауіпсіздікпен қамтамасыз етеді.

3.5 Жаяу жүргіншілер қоршауы (pedestrian restraint system): Жаяу жүргіншілердің қозғалысын шектейтін және бағыттайтын қоршау.

3.6 Жаяу жүргіншілер қалқаны (pedestrian parapet): Жаяу жүргіншілер мен басқа да пайдаланушыларға арналған қоршау құрылғы. Ол көпірдің бойында немесе тірек қабырғаның үстінде орналасады, көлік құралдарына арналған жолдың қорғаныш қоршау құрылғысы ретінде қолдануға арналмаған.

3.7 Жаяу жүргіншілер таяныш қоршауы (pedestrian guardrail): Жаяу жүргіншілер мен басқа да пайдаланушыларға арналған қоршау құрылғы. Ол жаяужол немесе жаяу жүргінші жолағы шетінің бойында орналасады және жаяу жүргіншілер мен басқа да жолды пайдаланушыларды қауіпті аймаққа өткізбеуге арналған.

ЕСКЕРТПЕ Басқа пайдаланушыларға салт аттылар, велосипедшілер және малдар жатуы мүмкін.

3.8 Шу экраны (noise barrier): Шудың берілуін азайтуға арналған экран.

3.9 Қызметтік тексеру өткелі (inspection gangway): Тексеруге үнемі мүмкіндік беруді қамтамасыз ететін, қоғамдық қозғалысқа жабық өткел.

3.10 Жылжымалы тексеру платформасы (movable inspection platform): Көпір конструкцияларын тексеруге арналған арнайы көлік құралы.

3.11 Жаяу жүргінші көпірі (footbridge): Негізінен жаяу жүргіншілер мен/немесе велосипедшілерге арналған көпір. Ол жерде көпірге қызмет көрсететін техникадан басқа көлік құралдарының қозғалысына тыйым салынған.

Автожол көпірлеріне тән терминдер мен анықтамалар

3.12 Жүретін бөлік (carriageway): Тұтас конструкциядан (аралық құрылыстан, тіректерден және т.б.) тұратын жол бетінің бөлігі. Оның ішінде барлық физикалық қозғалыс жолақтары (яғни, жол белгілеріне сәйкес), жолдың қатты жиектері, қауіпсіздік жолақтары, белгілері бар.

3.13 Жолдың қатты жиектері (hard shoulder): Жабындысы бар жолақ, ені әдетте қозғалыс жолағының біреуіне тең болады, қозғалыс жолағының шетімен шектеседі және қиындықтар немесе қозғалыс жолақтарында кедергілер кездескен жағдайда көлік құралдарының пайдалануына арналған.

3.14 Қауіпсіздік жолы (hard strip): Жабындысы бар жолақ, ені әдетте 2 м немесе одан кіші болады, қозғалыс жолағы мен қорғаныш қоршауының арасында орналасады.

3.15 Бөліп тұрушы жол (central reservation): Жолдың қозғалыс жолақтарын екі бөлек жүретін бөліктерге бөлетін жер және резервтік (орташа) жолағы және оған жанасқан бүйір қауіпсіздік жолақтары бар, олар резервтік жолақтан қорғаныш қоршаулармен бөлінген.

3.16 Көпірді жылжымалы жүктемелермен жүктейтін жолақ (notional lane): Жүретін бөліктің шетіне параллель орналасқан жүретін бөліктің жолағы. Ол 5-тарауға сәйкес жеңіл автомобильдермен және /немесе жүк автомобильдерімен жүктеледі.

3.17 Қалған аймақ ((remaining area): Жүретін бөліктің толық ауданы мен көпірді жылжымалы жүктемелермен жүктейтін жолақ ауданы арасындағы, егер ол болатын болса, айырым жер.

3.18 Тандем жүйесі (tandem system): Тандем, бір уақытта жүктелген екі көрші белдіктерден (көлік құралынан) тұратын екі белдікті арбаша.

3.19 Нормадан жоғары жүктеме (abnormal load): Тиісті биліктердің рұқсатынсыз маршруты бойынша жүре алмайтын көлік құралынан түсетін жүктеме.

Теміржол көпірлеріне қатысты терминдер мен анықтамалар

3.20 Рельс жолдары (tracks): Рельстер мен шпалдардан тұратын жолдар. Олар балласт негізге қойылады немесе тікелей көпірдің аралық құрылыстарына бекітіледі. Рельс жолдары аралық құрылыстың бір ұшында немесе екі ұшында да температуралық жапсарлармен жабдықталуы тиіс. Рельс жолдарының орналасуы және балласт қалыңдығы рельс жолдарына қызмет көрсету кезіндегі көпірдің қызмет көрсету мерзімі ішінде өзгеруі мүмкін.

3.21 Жаяу жүргінші жолы (footpath): Рельс жолдарының бойында, рельс жолдары мен параметтер арасында орналасқан жолақ.

3.22 Резонанс жылдамдық (resonant speed): Жүктеме жиілігі (немесе осы жиіліктің еселенген көлемі) конструкцияның өз жиілігіне (немесе өз жиілігінің еселенген көлемі) сәйкес келгендегі көлік жылдамдығы.

3.23 **Жиі кездесетін айналмалы жылдамдық** (frequent operating speed): Рельсті поезддің белгілі түріне арналған берілген жердегі ең мүмкін жылдамдық (қажу деңгейін бағалау кезінде қолданылады).

3.24 **Берілген жердегі ең жоғарғы желілік жылдамдық** (maximum line speed at the site): Нақты жоба үшін берілген берілген жердегі ең жоғары рұқсат етілген қозғалыс жылдамдығы (әдетте инфрақұрылым сипаттамаларына және теміржолдарды қауіпсіз пайдалану талаптарына сәйкес шектеулі болады).

3.25 **Көлік құралының ең жоғарғы рұқсат етілген жылдамдығы** (maximum permitted vehicle speed): Нақты поездардың ең жоғарғы рұқсат етілген жылдамдығы. Олар көлік құралының сипаттамаларымен белгіленеді және әдетте инфрақұрылымға байланысты болмайды.

3.26 **Ең жоғарғы көрсетілген жылдамдық** (maximum nominal speed): Әдетте берілген жердегі ең жоғарғы желілік жылдамдық. Егер бұл нақты объект үшін белгіленген болса, олардың көлік құралының ең жоғарғы рұқсат етілген жылдамдығымен байланысын анықтау үшін жеке нақты поездарды тексеруде төмендетілген жылдамдық қолданылуы мүмкін.

3.27 **Ең жоғарғы есептік жылдамдық** (maximum design speed): 20 %-ға көтерілген ең жоғарғы көрсетілген жылдамдық (1,2 x ең жоғарғы көрсетілген жылдамдық).

3.28 **Поездарды пайдалануға беру кезінде пайдаланылатын ең жоғарғы жылдамдық** (maximum train commissioning speed): Поездың пайдалануға беру алдындағы, сондай-ақ арнайы сынақтар және т.с.с. кезіндегі жоғарғы жылдамдық. Бұл жылдамдық әдетте көлік құралының ең жоғарғы рұқсат етілген жылдамдығынан асады және де тиісті талаптар жеке жобаларда белгіленуі тиіс.

4 БЕЛГІЛЕР МЕН ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІ

Осы нормативтік-техникалық құралда ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 сәйкес келесі символдар мен белгілер қабылданған:

4.1 Жалпы белгілер

ЕСКЕРТПЕ Бір ғана жерде қолданылған белгілер төмендегі тізімде көрсетілмеген.

Латын әліппесінің бас әріптері

L — жүктеме учаскесінің ұзындығы.

Латын әліппесінің кіші әріптері

gr_i — жүктеме тобы, бұл жердегі i — жүктеме нөмірі (i 1-ден n дейін өзгереді);

r — жүретін жолдың немесе рельс жолдарының орталық белдеу желісінің горизонталь радиусы, дөңгелек жүктемелер арасындағы қашықтық.

4.1.1 5 және 6-тарауларында белгіленген белгілер

Латын әліппесінің бас әріптері

- Q_{ak} — автожол көпіріне арналған бір белдік (2-жүктеме моделі) жүктеменің сипаттамалық мәні;
- Q_{fk} — жаяу жүргінші көпіріне әсер ететін горизонталь күштердің сипаттамалық мәні;
- Q_{fwk} — жаяу жүргінші көпіріне әсер ететін жинақталған жүктеменің (дөңгелек жүктемесі) сипаттамалық мәні;
- Q_{ik} — автожол көпірінің $i(i = 1, 2...)$ нөмірлі жылжымалы жүктемесі бар жолақтағы белдік жүктеменің сипаттамалық мәні;
- Q_{lk} — автожол көпіріне әсер ететін бойлама күштердің (тежеу және жылдамдық күштері) сипаттамалық мәні;
- Q_{serv} — жаяу жүргінші көпірлеріне арналған қызмет көрсететін көлік құралына сәйкес келетін жүктеме моделі;
- Q_{tk} — автожол көпірлеріндегі көлденең немесе орталықтан сыртқа тебуші күштердің сипаттамалық мәні;
- Q_{trk} — автожол көпірлеріндегі көлденең тежеу күштері;
- TS — 1-жүктеме моделіне арналған тандем жүйесі;
- UDL — 1-жүктеме моделіне арналған бір қалыптыбөліп таратылған жүктеме.

Латын әліппесінің кіші әріптері

- f_h — көпірдің өзіндік горизонталь жиілігі;
- f_v — көпірдің өзіндік вертикаль жиілігі;
- n_l — автожол көпірінің жылжымалы жүктемемен жүктелген жолақтар саны;
- q_{eq} — көпір үйінділеріндегі белдік жүктемелерге арналған баламалы бір қалыптыбөліп таратылған жүктеме;
- q_{fk} — жаяужолдарға немесе жаяу жүргінші көпірлеріне түсетін вертикаль бір қалыптыбөліп таратылған жүктеменің сипаттамалық мәні;
- q_{ik} — автожол көпірінің $i(i = 1, 2...)$ нөмірлі жүктелген жолағындағы (1-жүктеме моделі) вертикаль бөліп таратылған жүктеменің сипаттамалық мәні;
- w — жолдың қатты жиектерін, қауіпсіздік жолақтары мен белгі жолақтарын қоса алғанда автожол көпіріне арналған жүретін бөліктің ені;
- w_1 — автожол көпірінжылжымалы жүктемемен жүктеу жолағының ені.

Грек әліппесінің бас әріптері

- $\Delta\varphi_{fat}$ — температуралық жапсарлары бар аймақта төзімділікті есептеу кезіндегі қосымша динамикалық коэффициент.

Грек әліппемінің кіші әріптері


α_{qi}, α_{qi} — $i(i = 1, 2...)$ нөмірлі қозғалыс жолағына арналған кейбір жүктеме модельдеріндегі түзету коэффициенті;

α_{qr} — қалған бөліктерге арналған жүктеме модельдеріндегі түзету коэффициенті;

β_Q — 2-жүктеме моделінің түзету коэффициенті;

φ_{fat} — төзімділікті (қажу деңгейін) есептеу кезіндегі түзету коэффициенті.

4.1.2 7-тарау үшін қабылданған белгілер



(1) - рельстің түйіскен беті;

(2) - рельс жолдарының орталық желісінің бойымен әсер ететін бойлама күштер.

4.1-сурет[1.1-сурет]- Арнайы теміржол көпірлеріне арналған белгілер мен өлшемдер

Латын әліппесінің бас әріптері

$A_{(L/\lambda)} G_{(\lambda)}$ — қаттылығы;

D — жолаушылар вагонының немесе көлік құралының ұзындығы;

D_{IC} — жолаушылар вагонына бір белдікпен жүйелі айналатын поездың аралық жолаушылар вагонының ұзындығы;

E_{cm} — қалыпты бетонға арналған икемділіктің қима моделі;

F_L — толық бойлама тіректің реакциясы;

F_{Qk} — бойлама құрылыстың деформациялануы әсерінен бойлама құрылыстың қозғалмайтын тірек бөлігіне әсер ететін бір рельс жолының бойлама күшінің сипаттамалық мәні;

F_{Tk} — бойлама құрылыстың қозғалмайтын бөлігіне әсер ететін және рельс жолдары мен конструкциялардың температуралық әсерге ортақ реакциясынан пайда болған бойлама күші;

F_w^{**} — теміржол қозғалысымен үйлесімді жел күші;

F_{li} — i нөмірлі әсерге сәйкес келетін жеке бойлама тіректің реакциясы;

G — өз салмағы (жалпы жағдайда);

H	— бойлама құрылыстың тірек бөлігінің айналу (қозғалмайтын) (горизонталь) белдігі мен бойлама құрылыстың жоғарғы бетінің (рельс жолдарының астындағы балласт табаны) арасындағы биіктік;
K	— тіректің толық бойлама қаттылығы;
K_2	— рельс жолының бойлама метр есебіндегі тіректің бойлама қаттылығы, 2Е3 кН/м
K_5	— рельс жолының бойлама метр есебіндегі тіректің бойлама қаттылығы, 5Е3 кН/м;
K_{20}	— рельс жолының бойлама метр есебіндегі тіректің бойлама қаттылығы, 20Е3 кН/м;
L	— ұзындығы (жалпы жағдайда);
L_T	— температуралық аралықтың ұзындығы;
L_{TP}	— температуралық аралақтың ең жоғарғы мүмкін ұзындығы;
L_f	— қисық сызықты рельс жолдарының бөлігін жүктеу учаскесінің ұзындығы;
L_i	— жүктеу учаскесінің ұзындығы;
L_Φ	— «анықтаушы» ұзындық (Ф-пен байланысты ұзындық);
M	— поезда жинақталған күштер саны;
N	— үнемі қайталанып тұратын жолаушылар вагонының немесе көлік құралдарының саны немесе белдіктердің саны, немесе тең жинақталған күштердің саны;
P	— жинақталған күш;
	— жеке белдік күш;
Q	— жинақталған күш немесе ауыспалы әсер (жалпы жағдайда);
Q_{Ald}	— рельстерден түскен кездегі жылжымалы жүктемеге арналған жинақталған жүктеме;
Q_h	— горизонталь күш (жалпы жағдайда);
Q_k	— жинақталған күштің немесе ауыспалы әсердің сипаттамалық мәні (мысалы, қызметтік өткелге түсетін вертикаль жүктеменің сипаттамалық мәні);
Q_{lak}	— ауырлық күшінің сипаттамалық мәні;
Q_{lbk}	— тежеу күшінің сипаттамалық мәні;
Q_r	— теміржол қозғалысынан болатын әсер (жалпы, мысалы жел мен орталықтан сыртқа тебетін күштің бірлескен әсері);
Q_{sk}	— дөңгелектердің бүйір қысымы күшінің сипаттамалық мәні;
Q_{tk}	— орталықтан сыртқа тебетін күштің сипаттамалық мәні;
Q_v	— вертикаль белдік жүктеме;
Q_{vi}	— дөңгелек жүктемесі;
Q_{vk}	— вертикаль жүктеменің (жинақталған жүктеме) сипаттамалық мәні;
ΔT	— температураның өзгеруі;
ΔT_D	— бойлама құрылыс температурасының өзгеруі;
ΔT_N	— температураның өзгеруі;
ΔT_R	— рельстер температурасының өзгеруі;
V	— жылдамдық, км/сағ;

— берілген жердегі ең жоғарғы желілік жылдамдық, км/сағ;
 X_i — ібелдіктерінен тұратын поездың ұзындығы.

Латын әліппесінің кіші әріптері

a — рельс тіректерінің арасындағы қашықтық, бөліп таратылған жүктемелердің ұзындығы (SW/0 және SW/2 жүктеме модельдері);
 a_g — рельс жолдарының ортасына дейінгі горизонталь қашықтық;
 a'_g — жолдарының ортасына дейінгі эквивалент горизонталь қашықтық;
 b — шпал және балласт жүктемелерінің ұзына бойы бөліп таратылған ұзындығы;
 c — бөліп таратылған жүктемелер арасындағы кеңістік (SW/0 және SW/2 жүктеме модельдері);
 d — белдіктер тобына арналған тұрақты интервал;
 — арбаша көлеміндегі белдіктер арасындағы интервал;
 — жинақталған күштер арасындағы интервал (HSLM-B моделінің);
 d_{BA} — арбаша көлеміндегі белдіктер арасындағы интервал;
 d_{BS} — жақын арбашалар ортасының арасындағы интервал;
 e — вертикаль жүктемелердің эксцентриситеті, салдарлы әсерлердің эксцентриситеті (санау жазықтығында);
 e_c — екі жеке тұрақты поезд секцияларының тіркескен жеріндегі жақын белдіктер арасындағы қашықтық;
 f — орталықтан сыртқа тебетін күштерге арналған төмендету коэффициенті;
 $f_{ck}, f_{ck, cube}$ — қалыпты бетонның цилиндрдің/кубтің белдік қысымына сипаттамалық кедергісі;
 g — ауырлық күшін жылдамдату;
 h — биіктік (жалпы жағдайда);
 — балластты қоса алғандағы бойлама құрылыс плиталарының жоғарысынан шпалдың жоғарысына дейінгі жабындының биіктігі;
 h_g — рельс жолдарынан жоғары рельс жолдарының түйіскен бетінен бастап конструкцияның артқы жағына дейінгі вертикаль қашықтық;
 h_t — рельстің түйіскен бетінің үстіндегі орталықтан сыртқа тебетін күштің қосымша биіктігі;
 h_w — рельстің түйіскен бетінің үстіндегі жел күшінің қосымша биіктігі;
 k — рельс жолдары үшін пластикалық жылжудың бойлама серпінді кедергісі;
 k_1 — поезд формасының коэффициенті;
 k_2 — вертикаль жабындыларға, параллель рельс жолдарына аэродинамикалық әсерді жоғарлату коэффициенті;
 k_3 — рельс жолдарына жақын қарапайым горизонталь жабындыларға аэродинамикалық әсерді төмендету коэффициенті;
 k_4 — рельс жолдарына жақын жабындыларға аэродинамикалық әсерді төмендету коэффициенті (горизонталь әсер);
 k_5 — рельс жолдарына жақын жабындыларға аэродинамикалық әсерді жоғарлату коэффициенті (вертикаль әсер);

- k_{20} — рельс жолдары үшін пластикалық жылжудың бойлама серпінді кедергісі, 20 кН/м;
- k_{40} — рельс жолдары үшін пластикалық жылжудың бойлама серпінді кедергісі, 40 кН/м;
- k_{60} — рельс жолдары үшін пластикалық жылжудың бойлама серпінді кедергісі, 60 кН/м;
- n_0 — жүктелмеген конструкцияның иілмелі ауытқуларының алғашқы өз жиілігі;
- n_T — конструкцияның айналмалы ауытқуларының алғашқы өз жиілігі;
- q_{A1d}, q_{A2d} — рельстен шығу кезінде есептеу үшін бөліп таратылған жүктеме;
- q_{fk} — қызметтік өткелге түсетін вертикаль жүктеменің (бір қалыпты бөліп таратылған жүктеме) сипаттамалық мәні;
- q_{ik} — баламалы бөліп таратылған аэродинамикалық әсердің сипаттамалық мәні;
- q_{lak} — бөліп таратылған ауырлық күшінің сипаттамалық мәні;
- q_{lbk} — бөліп таратылған тежеу күшінің сипаттамалық мәні;
- q_{tk} — бөліп таратылған орталықтан сыртқа тебетін күштің сипаттамалық мәні;
- q_{v1}, q_{v2} — вертикаль жүктеме (бір қалыпты бөліп таратылған жүктеме);
- q_{vk} — вертикаль жүктеменің (бір қалыпты бөліп таратылған жүктеменің) сипаттамалық мәні;
- r — рельс жолдары қисықтығының радиусы;
- дөңгелек жүктемелері арасындағы көлденең қашықтық;
- s — теміржол жолының ені;
- u — ылди, рельс жолдары бойындағы белгілі бір жердегі екі рельстің жоғарғы жабындылары арасындағы вертикаль салыстырмалы қашықтық;
- v — ең жоғарғы көрсетілген жылдамдық, м/с;
- көлік құралының ең жоғарғы рұқсат етілген жылдамдығы, м/с;
- v_{DS} — ең жоғарғы есептік жылдамдық, м/с;
- v_i — резонанс жылдамдық, м/с;
- Y_{dyn}, Y_{stat} — ең жоғарғы динамикалық реакция және конструкцияның кез-келген нүктесіндегі ең жоғарғы сәйкес статикалық реакция;

Грек әліппесінің бас әріптері

Θ — угол поворота концевого сечения конструкции конструкцияның соңғы қима бұрылысынң бұрышы (жалпы жағдайда);

$\Phi (\Phi_2, \Phi_3)$ — 71, SW/0 және SW/2 теміржол жүктеме модельдерінің динамикалық коэффициенті.

Грек әліппесінің кіші әріптері

α — жүктемелерді жіктеу коэффициенті;

— жылдамдық коэффициенті;

— жылулық ұлғаю кезіндегі сызықтық температуралық коэффициент;

- β — нейтральды белдік және бойлама құрылыс бетінің арасындағы қашықтықтың H биіктікке қатынасы;
- δ — деформация (жалпы жағдайда);
- вертикаль майысу;
- δ_0 — тұрақты әсерлерден пайда болған бойлықтың ортасындағы майысу;
- δ_B — бойлама құрылыстың бөренелеріне салыстырмалы ауырлық күштерінің және тежеудің әсерінен болған бойлай жылжуы;
- δ_H — бойлама құрылыстың деформациялануынан пайда болған бойлама құрылыстың соңындағы бойлай салыстырмалы жылжуы;
- δ_h — горизонталь жылжуы;
- горизонтальное перемещение, вызванное продольным перемещением фундамента в основании негіздегі іргетастың бойлай жылжуынан пайда болған горизонталь жылжуы;
- δ_p — негіздің бойлай деформациялануынан пайда болған горизонталь жылжу;
- δ_v — бойлама құрылыс бөренелерінің салыстырмалы вертикаль жылжуы;
- δ_p — іргетастың бұрылуынан пайда болған ұзына бойы горизонталь жылжуы;
- γ_{ff} — қажыту жүктемесіне арналған жеке қауіпсіздік коэффициенті;
- γ_{mf} — беріктік жүктемесіне арналған жеке қауіпсіздік коэффициенті;
- $\varphi, \varphi', \varphi''$ — поездарға арналған статикалық жүктемені динамикалық күшейту;
- φ'_{dyn} — динамикалық есептеу негізінде анықталған поездарға арналған статикалық жүктемені динамикалық күшейту;
- k — аралық тіректерге қатысты тіреулердің қаттылығына байланысты коэффициент;
- λ — төзімділігін есептеу кезіндегі баламалы зақымның коэффициенті;
- толқын қозуының ұзындығы;
- λ_c — толқын қозуының ауыспалы ұзындығы;
- λ_i — толқын қозуының негізгі ұзындығы;
- λ_v — ең жоғарғы есептік жылдамдық кезіндегі толқын қозуының ұзындығы;
- ρ — тығыздық;
- σ — кернеу;
- $\sigma_A, \sigma_B, \sigma_M$ — теміржол қатынасының әсерінен пайда болған бойлама құрылыс плиталарының жоғарғы бетіне түсетін қысым;
- $\Delta\sigma_{71}$ — 71-жүктеме моделі (және қажет болған жерде SW/0 моделінен) әсерінен пайда болған кернеу диапазоны ;
- $\Delta\sigma_c$ — қажу деңгейі беріктігінің көрсетілген мәні;
- ξ — ауырлық күштерінің және тежеу күштерінің салдарынан болған монолит бойлама құрылыстың қозғалмайтын тірек бөліктеріндегі бойлама күштерді анықтауға арналған төмендету коэффициенті;
- ζ — ауыспалы демпфирлеудің пайыздық мөлшерінің % төменгі шегі, немесе демпфирлеу (тоқталу) коэффициенті;

ζ_{TOTAL} — толық демпфирлеу, %;

$\Delta\xi$ — қосымша демпфирлеу, %.

4.2 Өлшем бірліктері

Осы нормативтік-техникалық құрал талаптарына сәйкес орындалатын есептерде келесі өлшем бірліктерін қолдану керек:

1. күштер- Н, кН;
2. сызықтық өлшемдер - мм (қима үшін), м (элементтер немесе олардың учаскелері үшін);
3. бөліп таратылған жүктемелер- кН/м, Н/мм (ұзындық бірлігі үшін);
- кН/м² (аудан бірлігі үшін).
4. тығыздық - кг/м³;
5. кернеу мен тығыздық- Н/мм² (МПа);
6. сәт (майысу, айналу) - кН·м.

5 АВТОЖОЛ КӨПІРЛЕРІНЕ ТҮСЕТІН ЖҮКТЕМЕЛЕР МЕН ӘСЕРЛЕР

5.1 Жалпы ережелер

5.1.1 Автожол көпірлеріне әсер ететін ауыспалы жылжымалы жүктемелер ретінде үш негізгі жүктеме түрі айтылады:

- Бірінші және екінші соңғы жағдайларын (төзімділіктен басқа) тексеру үшін қолданылатын жүктемелер моделі;
- Төзімділікті тексеруге арналған жүктемелер моделі;
- Апаттық жағдайлар кезіндегі жүктемелер.

5.1.2 Қабылданған жүктеме және үйлесімділік ережелерін есепке ала отырып, ауыспалы жүктемелер модельдері құрылысты қалыпты пайдаланудың барлық мүмкін жағдайларын қамтиды.

Қажет болған кейбір жағдайларда сол немесе басқа жүктемені қабылдау туралы шешім көпір құрылысын пайдаланудың болжамды режимін ескере отырып қабылданады.

5.1.3 Автокөліктерден болатын ауыспалы жүктемелерді қарастырғанда әсер мәліметтері ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 сәйкес еркін түрде жіктелетінін ескеру керек, яғни олар әрбір модель үшін жүктеме ережелеріне сәйкес мөлшер шамасында конструкцияның кез-келген жеріне қосымша берілуі мүмкін.

5.1.4 Жобалағанда көлік құралдары қозғалысынан болатын әсерлер көп компонентті болатынын ескеру керек, яғни олар үйлесімділік ережелеріне сәйкес бір уақытта қозғалатын вертикаль және горизонталь күштердің жиынтығынан тұрады.

5.2 Қажу деңгейінен (төзімділіктен) басқа ақырғыжағдайлардың барлық тексерулері үшін қолданылатын вертикаль ауыспалы жылжымалы жүктемелер

5.2.1 Жалпы мәліметтер

5.2.1.1 Соңғы жағдайларды және пайдалануға жарамдылығын тексеру үшін қолданылатын автокөлік құралдарынан болатын ауыспалы вертикаль жүктемелер ретінде ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 4.3.2÷4.3.5 –тармақтарына сәкес мыналар айтылады:

- LM1 жүктемесі;
- LM2 жүктемесі;
- LM3 жүктемесі;
- LM4 жүктемесі.

5.2.1.2 Әрбір жүктеме үшін жүретін бөлікті жүктеудің зө ережелері берілген. Жүретін бөлікті жүктеу ережесі 5.2.2 «Жүретін бөлікті жүктеу жолақтарына бөлу. Жүктеу жолақтарын нөмірлеу ережелері» тармағына сәйкес орындалады.

5.2.1.3 LM1 ÷ LM4 жүктеме модельдері үш түрлі мәндермен сипатталады:

- Сипаттамалық;
- Жиі болатын;
- Тұрақты сияқты.

Бұл мәндердің ықтималдық табиғаты бар және әртүрлі жүктеме деңгейлерін көрсетеді.

Жүктеменің сипаттамалық мәні берілген деңгей жүктемесінің 1000 жылдық қайталану мерзімі бар екенін (немесе 50 жыл ішінде 5% жоғарлау ықтималдығын) білдіреді. Жүктеменің сипаттамалық мәндері ең алдымен салмақ түсіру қабілетін тексеру үшін және кейбір жағдайларда пайланауға жарамдылығын тексеру үшін қолданылады.

Жүктеменің жиі болатын мәнінің деңгейі бір апталық қайталану мерзімінен тұрады. Жүктеменің жиі болатын мәні пайдалануға жарамдылығы бойынша ақырғы жағдайларының көптеген тексерулерінде, оның ішінде темір бетон конструкциялары жарықтарының ашылу енін тексеру қолданылады.

Жүктеменің тұрақты сияқты мәнін өзгешелігіне және қозғалыс ерекшелігіне қарай тұрақты жүктеменің бөлігі бола алатын жүктеме деңгейін айбуға болады. Үстінен қозғалыстың үлкен көлеміне және күні түні автокөлік қозғалуынабайланысты көпір құрылысына арналған ауыспалы жүктеменің бір бөлігін тұрақты деп атауға болады. Ауыспалы әсерлердің тұрақты сияқты мәндер сирек қолданылады.

Осы әсерді қолданудың мысалы ретінде ҚР ҚН EN 1992-2:2005/2011 ұсыныстары болып табылады. Ол бетонның жылжығыштығынан болатын нәтижелерді есептеп шығару кезінде бойлама құрылыстағы көлік құралдарының болжамды тығыз тұрақты ағыны кезінде қолданылады. Жүктемелердің мәні туралы жалпы ақпарат осы құралдың А қосымшасында берілген.

5.2.2 «Жүретін бөлікті жүктеу жолақтарына бөлу. Жүктеу жолақтарын нөмірлеу ережелері»

5.2.2.1 ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 нормаларының 4.2.3÷4.2.5 тармақтарына сәйкес жүктеме жолақтарын анықтағанда мына ережелерді қолдану қажет:

- Жүретін бөліктің (w) жалпы ені ретінде бөліп тұрушы жолақтарының енін және бөгеу қоршауларының енін шегеріп, жиектер немесе бөгеу қоршауларының арасындағы толық ендікті қабылдайды;


- Жүктеме жолағының ені 3 м тең болып қабылданады;

- Жүретін бөлікке орналастыру болатын жүктеме жолақтарының (n) ең жоғарғы саны сәйкесінше $n=(w/3)$ тең болады;

- Қалған бөліктің ені $w-3n$ етіп қабылданады.

МЫСАЛ

Г-10,5 габариті үшін жүктеме жолақтарының n ең жоғарғы саны 3-ке тең, қалған жолақтың ені 1,5 м. 5.1-суретте Г-10,5 габариті үшін жүретін бөлікті жолақтарға бөлу мысалы көрсетілген. Г-8,5 габариті жүктеме жолақтарының үшін ең жоғарғы саны 2-ге тең, қалған жолақтың ені 2,5 м.



w - 10,5 м тең жүретін бөліктің ені; w_1 - 3 м тең жүктеме жолағының ені; 1 - нөмір 1 жүктеме жолағы; 2 - нөмір 2 жүктеме жолағы; 3 - нөмір 3 жүктеме жолағы; 4 - 1,5 м тең қалған бөлік.

5.1-сурет[4.1-сурет]– Жүретін бөлікті жолақтарға бөлу мысалдары

5.2.2.2 Егер жүретін бөлік бойлама құрылыста тұрақты бөгеу қоршауы бар бөлу жолағымен бөлінген болса, онда жолақтарға бөлу кезінде бөлу жолақтарын есепке алмау керек. егер қоршаулар уақытша болып табылса, онда бөлу жолағын қоса алғанда барлық жүретін бөлік жолақтарға бөлінеді.

ЕСКЕРТПЕ 5.2.2.2 тармағында айтылған ережелер көпірдегі қозғалыс жолақтарының келешектегі өзгерулерін қарастыратын нақты жоба үшін, мысалы жөндеу жұмыстары үшін түзетілуі мүмкін.

5.2.2.3 Нөмірлердің орналасу алгоритмі және жүктеме жолақтарының орындары:

- Жүктеу кезінде қатты деформацияланған күйдің(ҚДК) ізделіп отырған компонентіне ең жоғарғы үлесі қосылған жолаққа 1 нөмірі беріледі;

- Жүктеу кезінде ҚДК ізделіп отырған компонентіне қосылған үлесі біріншіден кем болатын жолаққа 2 нөмірі беріледі;

- Сәйкесінше қосылған үлесі екіншіден кем болатын жолаққа 3 нөмірі беріледі.


5.2.2.4 Жолақтарды нөмірлеу олардың оналасуына байланысты емес және ҚДК қосылған үлес мәні бойынша ғана анықталады.

5.2.2.5 ҚДК әрбір тексерісі үшін және әрбір элемент үшін есепке алынған жолақтар саны мен олардың нөмірленуі және оналасуы әртүрлі болуы мүмкін.

5.2.2.6 Жүктеме жолақтарын нөмірлеу әсер етудің (бойлама құрылыстың кеңістік жұмысының сипаты мен ерекшелігіне) көлденең сызығының пішініне байланысты .

МЫСАЛ

Бөренелі бөлінетін бойлама құрылыс үшін шеткі бойлама бөрененің және орталық бөрененің ортасындағы (бойлама құрылыс ұзындығы 33,0 м) майысу сәтінің көлденең әсер ету сызығының жалпы түрі, сондай-ақ жүктеме жолақтарының сәйкес нөмірлері 5.2-суретте көрсетілген. Жолақтардың ұсынылған нөмірлері LM1 жүктеме жолақтарының түрлі комбинацияларының бойлама құрылысын итерациялық жүктеу жолымен алынған. Осы мысал LM1 жүктемесін жүктеу жолақтарының нөмірлерін және оналасуын бойлама құрылыстың есептелінген қиысу орны мен кеңістік жұмысының ерекшеліктеріне байланысты өзгертудің қажеттігін көрсетеді.



5.2-сурет - Бойлама бөрененің және орталық бөрененің ортасындағы майысу сәтінің көлденең әсер ету сызығының жалпы түрі, сондай-ақ жүктеме жолақтарының сәйкес нөмірлері

5.2.2.7 Егер бір бойлама құрылыста екі жүретін бөлік орналасқан болса, онда барлық жүретін бөлікті бірдей нөмірлеу керек.

Егер әрбір жүретін бөліктің астында екі тәуелсіз бойлама құрылыс болатын болса және олар бір тіректе орналасқан боса, онда бойлама құрылысты есептеу кезінде әрбір бойлама құрылысты бөлек нөмірлеу керек. Тіректерді есептеу кезінде жүктеу жолақтарын бірыңғай нөмірлейді.


5.2.2.8 Жүктеме моделі ең қолайсыз әсер тудыратындай қалған бөліктің ұзындығы мен ендігінде қолданылу керек.

5.2.3 LM1 жүктемесі

5.2.3.1 Модель нагрузки LM1 жүктеме моделі жалпы және жергілікті тексерулер үшін қолданылуы тиіс. LM1 жүктемесі СН РК EN 1991-2:2003/2011 4.2.3 тармағына сәйкес екі белдікті арбадан және көлем бойынша бір қылыпты бөліп таратылған жүктемеден тұрады (5.3-сурет қара).

5.2.3.2 LM1 жүктемесінің салмақ параметрлері жүктеме жолағының нөміріне («Жүретін бөлікті жүктеме жолақтарына бөлу. Жүктеме жолақтарын нөмірлеу ережелері» 5.2.2 тармақты қара) және ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 Ұлттық қосымшасында қабылданған α түзету коэффициенттеріне байланысты.


5.2.3.3 Екі белдікті арбашаның геометриялық параметрлері 5.4-суретте көрсетілген. Өртүрлі жағдайларда α коэффициенттерді ескере отырып, жүктеме жолақтарының нөмірлеріне байланысты белдіктерге түсетін жүктемелер 5.1 және 5.2-кестелерде көрсетілген.



- (1) — нөмір 1 жүктеме жолағы: $Q_{1k} = 300$ кН; $q_{1k} = 9$ кН/м²;
- (2) — нөмір 2 жүктеме жолағы: $Q_{2k} = 200$ кН; $q_{2k} = 2,5$ кН/м²;
- (3) — нөмір 3 жүктеме жолағы: $Q_{3k} = 100$ кН; $q_{3k} = 2,5$ кН/м².

* $w_l = 3,0$ м үшін

5.3-сурет[4.2а-сурет]– 1-жүктеме моделін қою



5.4-сурет[4.2b-сурет]-Жергілікті тексерулер үшін екі белдікті арбашаны қолдану
5.1-кесте - Халықаралық көлік дәліздеріндегі және 1-санаттағы жолдардағы көпір ғимараттарына арналған LM1 жүктеме моделінің салмақ сипаттамалары

Орналасуы	Тандем жүйесі TS	UDL жүйесі
	Белдік жүктеме $\alpha_{qi} Q_{ik}$, кН	$\alpha_{qi} q_{ik}$, кН/м ²
Қозғалыс жолағы нөмір 1	240	7,2
Қозғалыс жолағы нөмір 2	200	2,5
Қозғалыс жолағы нөмір 3	100	2,5
Басқа қозғалыс жолақтары	0	2,5
Қалған бөлік q_{rk}	0	2,5

5.2-кесте -Халықаралық көлік дәліздері мен 1-санаттағы жолдардан басқа барлық санаттағы жолдардағы көпір ғимараттарына арналған LM1 жүктеме моделінің салмақ сипаттамалары

Орналасуы	Тандем жүйесі TS	UDL жүйесі
	Белдік жүктеме $\alpha_{qi} Q_{ik}$, кН	$\alpha_{qi} q_{ik}$, кН/м ²
Қозғалыс жолағы нөмір 1	240	7,2
Қозғалыс жолағы нөмір 2	160	2,5
Қозғалыс жолағы нөмір 3	80	2,5
Басқа қозғалыс жолақтары	0	2,5
Қалған бөлік q_{rk}	0	0

5.2.3.4 LM1 жүктеме моделін қолданғанда мына ережелерді басшылыққа алу керек:


- Жүктеме жолағында біреуден аспайтын екі белдікті арбаша орналасуы тиіс;
- Екі белдікті арбаша ҚДК ізделіп отырған факторының ең қолайсыз әсерін туғызатындай етіп орналасуы тиіс;
- Екі белдікті арбаша жүктеме жолағының белдігі бойынша орналасады;
- Есепке екі белдікті арбашаның барлық төрт «дөңгелегін» қосу керек;

- Көлемі бойынша бір қалыпты бөліп таратылған жүктеме тек қолайсыз әсерлер тудыратын бөліктерге ғана қолданылады.

5.2.3.4 [4.3.2(5)] Жергілікті тексерулер кезінде тандем жүйесі ең қолайсыз жерде орналастырылады. Жақын жүктеме жолақтарында екі тандем жүйесі ескерілсе, олар жақындатыла алады, бірақ дөңгелек белдіктерінің арасындағы қашықтық 0,50 м-ден кем болмауы тиіс (5.4-суретті қара).

5.2.4 LM2 жүктемесі

5.2.4.1 LM2 жүктеме моделі ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 4.3.3 тармағына сәйкес дөңгелегіне 160 кН жүктеме түсетін бір белдікті (2 дөңгелек) жүктемені білдіреді (Ұлттық ерекшеліктері бар ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 қабылдаған параметрлерін ескере отырып). Осы жүктеме моделі мөлшерлі қашықтықтарды жергілікті тексеру үшін қолданылады. LM2 жүктеме моделінің әрбір дөңгелектің 0,35 және 0,6 м түйіскен бетіндегі жалпы түрі 5.5-суретте көрсетілген.



x –қозғалыс бағыты

1 – жолдың жиегінің шеті

5.5-сурет[4.3-сурет] - LM2 жүктеме моделі

5.2.4.2 LM2-ң (2-жүктеме моделі) түйіскендегі «дағы» LM1-ден (1-жүктеме моделі) ерекшеленеді, ол конструкцияны есептеу кезінде ескерілуі тиіс.

5.2.4.3 LM2 жүктеме моделі жүретін бөліктің кез-келген жерінде қолданыла алады.

5.2.5 LM3 жүктемесі

5.2.5.1 ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 4.3.4 тармағына сәйкес ұсынылған LM 3 жүктеме моделі аса ауыр жүктерді тасымалдауға арналған арнайы әртүрлі ауыр көлік құралдарының жинағын білдіреді. Осы жүктемелерді қолдану параметрлерін (жүктерді тасымалдау ережелері, қозғалыс жылдамдығы және басқа ауыспалы жүктемелермен араластыру мүмкіндігі) Тапсырыс беруші анықтайды.

5.2.5.2 LM 3 жүктемесі туралы қосымша ақпарат Б қосымшасында.

5.2.6 LM4 жүктемесі

5.2.6.1 ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 4.3.4 тармағына сәйкес ұсынылған LM4 жүктеме моделі көлемі бойынша бір қалыпты бөліп таратылған қарқындылығы 5 кН/м^2 болатын жүктемені білдіреді.

5.2.6.2 LM4 жүктемесі бойлама құрылыста көп адам жиналу мүмкіндігін суреттейді.

5.2.6.3 LM4 жүктемесін қолдану туралы шешімді көпір құрылысының орналасуын басшылыққа ала отырып, Тапсырыс беруші қабылдайды.

5.3 Горизонталь күштер

5.3.1 Тежеу және жылдамдату күштері

5.3.1.1 Тежеу күштері мен жылдамдату күштері (Q_{lk}) ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 4.4.1(1) тармағына сәйкес жүретін бөлік бетінің деңгейінде бойлама бағытта салынады.

5.3.1.2 ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 ұлттық ерекшеліктері бар қосымшада қабылданған параметрлерге сәйкес тежеу және жылдамдату күштерінің (Q_{lk}) сипаттамалық мәні LM1 жүктеме моделіне сәйкес келетін толық ең жоғарғы вертикаль жүктемелерінің бір бөлігі ретінде есептелінеді. Ереже бойынша тежеу немесе жылдамдату күштері 1-жүктеме жолақтарына салынады. Тежеу және жылдамдату күштерінің сипаттамалық мәні мына диапазонда болуы тиіс:

$$144 \text{ кН} \leq Q_{lk} = 288 + 2,16 \cdot L \leq 900 \text{ кН},$$

мұндағы L – бойлама құрылыстың немесе оның қарастырылып жатқан учаскесінің ұзындығы, м.

5.3.1.3 Ереже бойынша 3-жүктеме моделімен байланысты горизонталь күштер анықталуы тиіс. Бұл күштер сондай-ақ жүктеме жолағының кез-келген белдігінің бойлама бағытына салынады. Егер жүктеме салынған орынның әсері қатты деформацияланған күйінің ізделіп отырған факторына айтарлықтай әсер етпесе, онда жүктемені жүретін бөлік белдігінің ұзындығының бойымен бір қалыпты бөліп таратылған сияқты салу керек.

5.3.1.4 [4.4.1(6)] Деформациялық тігістермен берілетін горизонталь күштер немесе бір ғана белдікпен жүктелген конструкцияның элементтеріне салынған күштер анықталуы тиіс.

ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 ұлттық ерекшеліктері бар қосымшасында қабылданған $\alpha_{Q1}=0,8$ параметріне сәйкес горизонталь күш $Q_{lk}=144 \text{ кН}$ тең етіп қабылданады.

5.3.2 Орталықтан сыртқа тебетін және басқа да көлденең күштер

5.3.2.1 Орталықтан сыртқа тебетін күш (Q_{lk}) ҚР ҚН EN 1991-2 :2003/2011 4.4.1 тармағына сәйкес жүретін бөлік деңгейіне жүрістің бойлама белдігінің перпендикуляр бағытында салынатын жинақталған жүктемені білдіреді.

5.3.2.2 Орталықтан сыртқа тебетін күштің сипаттамалық мәні жолдың санатына, жүктеме жолақтарының санына байланысты және LM1 жүктеме моделінің тандем жүйесі үшін мына тәсілмен есептелінеді:

$$- r < 200 \text{ м болғанда } Q_{lk} = 0,2 \cdot \sum \alpha_{Qi} \cdot (2 \cdot Q_{lk}) \text{ кН};$$

- $200 \leq r \leq 1500$ м болғанда $Q_{tk} = (40/r) \cdot \sum \alpha_{Qi} \cdot (2 \cdot Q_{ik})$ кН;

- $r > 1500$ м болғанда $Q_{tk} = 0$.

мұндағы r – жүретін бөліктің орталық сызығының горизонталь радиусы, м.

Майысу сәттерінен қысымға өткен кезде төзімділікті тексеру нүктелерін (пісіру тігістерін, ортотропты тақтаның жабу бетін немесе ортотропты тақтаның қабырғаларын, немесе олардың бекітулерін) белгілеу бойынша ҚР ҚН EN 1993-2:2006/2011 ережелерін, сондай-ақ тиісті геометриялық сипаттамаларын есептеу бойынша ережелерді басшылыққа алу керек.

5.10Автокөлік құралының соққысынан болатын тірек бағанасындағы күшті анықтау мысалы

Мысал ретінде 5.36-суретте бейнеленген тіректің таралған конструкциясын қарастырамыз.




5.36-сурет – Тіректің жалпы көрінісі

Күштерді анықтау үшін бастапқы мәліметтер ретінде ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 жеңілдетілген ережелерін аламыз – қозғалыс бағытының бойына түсетін соққы күші 1000 кН немесе қозғалысқа көлденең - 500 кН құрайды. Бағананың симметриялық болуына байланысты соңғыәсер 1000 кН тең болады.


ҚР ҚН EN 1992-2:2005/2011 сәйкес тірек бағанасының ұзындығы 6,5 м (бағананың геометриялық ұзындығы) + $2 \cdot 0,4$ (бағана диаметрінің жартысы) = 7,3 м болады.

Көлік құралының көп бағаналы тірекпен соқтығысуын қарастырған кезде бір ғана бағанаға түскен әсерін қарастыру жеткілікті. Бағананың есептік схемасы 5.37-суретте берілген.

Майысу сәттер эпюрасының түрі 5.38-суретте көрсетілгендей болады. Есепке 1077 кНм және 668 кНм тең сәттерді мәндері қабылдануы тиіс.



5.37-сурет – Тірек бағанасының есептік схемасы



5.38-сурет –Тірек бағанасындағы майысу сәттерінің эпюрасы

6 ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР КӨПІРЛЕРІНЕ ТҮСЕТІН ЖҮКТЕМЕЛЕР МЕН ӘСЕРЛЕР

6.1 Вертикаль ауыспалы жылжымалы жүктемелер

6.1.1 Жалпы ережелер

6.1.1.1 Жаяу жүргінші көпірлерін жобалағанда түрлі есептік сценарилерді суреттейтін ауыспалы вертикаль жүктемелердің үш түрін қолдану керек:

- Көлемі бойынша бір қалыпты бөліп таратылған жүктеме q_{fk} көпір құрылысында адамдардың көп жиналып тұру мүмкіндігінің болуын ескереді;
- Жинақталған күш Q_{fwk} көпірде ауыр ауыр жүктердің тұру мүмкіндігін ескереді;
- Көпірге қызмет көрсету қажеттігінен немесе төтенше жағдайлар салдарынан көлік құралдарының Q_{serv} бір немесе бірнеше түрінің болуы.

6.1.1.2 Бойлама құрылыста 6.1.1.1 тармағында аталған жүктеме түрінің біреуі ғана бола алады.

6.1.2 Бір қалыпты бөліп таратылған жүктеме

6.1.2.1 Егер көпір адамдардың көп шоғырлану мүмкіндігі бар жерде орналасқан болса, Тапсырыс берушінің шешімімен «Автожол көпірлеріне түсетін жүктемелер мен әсерлер» 5-тарауындағы LM4 жүктеме моделі қолданылуы тиіс.

6.1.2.2 Егер LM4 жүктеме моделі қолданылмаса, онда бір қалыпты бөліп таратылған жүктеменің қарқындылығы келесі тәсілмен қабылдануы тиіс:

$$2,5 \frac{\kappa H}{m^2} \leq q_{fk} = 2,0 + \frac{120}{L + 30} \leq 5,0 \frac{\kappa H}{m^2}, \quad (6.1)$$

мұндағы L – жүктеме ұзындығы.


6.1.2.3 Көлемі бойынша бір қалыпты бөліп таратылған жүктемемен тек жүктемесі қатты деформацияланған күйдің ізделіп отырған факторының жағымсыз мәніне әкелетін учаскелер жүктеледі.

6.1.3 Жинақталған жүктеме

6.1.3.1 Көлемі бойынша 10 Кн тең жинақталған жүктеме Q_{fwk} жүретін бөлік тақтасының кез-келген жерінде қолданыла алады. Жинақталған жүктеменің жанасу ауданы жақтары 10 см болатын шаршыдан тұрады. Бұл жүктеме соңғымөлшерлі жағдайларды және көпірлердің жүретін бөліктерінің пайдалануға жарамдылығын тексеруге есептелінген. Егер жобалау кезінде қызмет көрсететін көлік құралдарының моделін қолдану қарастырылып жатса, онда Q_{fwk} жүктемесін қарастырудың қажеті жоқ.

6.1.4 Қызмет көрсететін көлік құралдары

6.1.4.1 Қызмет көрсететін көлік құралдарының геометриялық және салмақ сипаттамалары 6.1-суретте берілген. Осы көлік құралы жүретін бөліктің кез-келген жағдайында бола алады. Нақты жүктеу ережелері жоқ.



6.1-сурет[5.2-сурет]–Қызмет көрсететін көлік құралы

6.1.4.2 Жобалау кезінде жаяу жүргінші көпірлері үшін қызмет көрсететін көлік құралдары Q_{serv} жүретін бөлікте тұра алатын жағдайда (көлік құралының кіруіне кедергі жасайтын көпірге шығатын жерде баспалдақтардың және тұрақты қоршаулардың болмауы керек) ғана ескерілу қажет.

6.2 Горизонталь жүктемелер

6.2.1 Горизонталь жүктемелердің Q_{flk} сипаттамалық мәні мыналарды қабылдау керек:

- Бір қалыпты бөліп таратылған жүктеме кезінде – вертикаль жүктеме жиынтығының 10%;
- Қызмет көрсететін көлік құралы кезінде – көлік құралының толық салмағының 60%;

Есепке берілген екі мәннен горизонталь күш Q_{flk} мәнінің үлкені қабылданады.

6.2.2 [5.4(3)] Горизонталь күш сәйкес вертикаль жүктемемен бір уақытта әрекет етеді, бірақ жинақталған жүктемемен Q_{fwk} әрекет етпейді.

ЕСКЕРТПЕ Бұл күш әдетте жаяу жүргінші көпірлерінің горизонталь бойлама беріктігіне кепілдік бере алады. Ол басқа әсерлерді қарастыру жолымен немесе тиісті

жобалық іс-шаралармен қамтамасыз етілуі тиіс горизонталь көлденең беріктігіне кепілдік бермейді.

6.3 Көлік пен жаяу жүргіншіден түсетін жүктемелерді үйлестіру ережелері

6.3.1 Жаяу жүргінші көпірлерінің конструкциясын жобалағанда автомобиль көлігінен түсетін жүктемелер тобына ұқсас мына жүктеме топтарын (сипаттамалық мәндерді) есепке алу керек. Олар 6.1-кестеде көрсетілген.

6.1-кесте[5.1-кесте] - Жаяу жүргінші көпірлерін жобалағанда есепке алынатын жүктеме топтары

Жүктеме түрі		Вертикаль күштер		Горизонталь күштер
Жүктеме жүйесі		Бір қалыпты бөліп таратылған жүктеме	Қызмет көрсететін көлік құралы	
Жүктеме топтары	gr1	q_{fk}	0	Q_{fk}
	gr2	0	Q_{serv}	Q_{fk}

6.4 Жаяу жүргінші көпірлерінің бойлама құрылысын тексерудің динамикалық белгілері

6.4.1 Жаяу жүргінші көпірлерінің бойлама құрылысын жобалағанда шамадан тыс ауытқулардың немесе резонанс құбылыстардың болу мүмкіндігін сараптау үшін өз жиіліктерін және ауытқу түрлерін анықтау қажет.


6.4.2 ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 мәжбүрлі жаяу жүргіншілер жиіліктерін регламенттейді.

Жүріп келе жатқан жаяу жүргінші мынадай бір уақытта болатын периодты күштер тудырады:

- вертикаль бағытта жиілік диапазоны 1-3 Гц;
 - горизонталь бағытта жиілік диапазоны 0,5-1,5 Гц;
- жүгірушілер тобы жаяу жүргінші көпірін 3 Гц жиілікпен өтуі мүмкін.


6.5 Қызмет көрсететін көлік құралдарынан түсетін вертикаль ауыспалы әсерлерге бойлама металл құрылысты есептеу мысалдары

Есептеу нысаны ретінде жылпы ұзындығы 42 м, есептік ұзындығы 41,4 м болатын бойлама құрылысты қарастырамыз. Бойлама құрылыс конструкциясын 5.8 бөлімінде айтылған мысалдағы сияқты етіп қабылдаймыз. Бойлама құрылыстың көлденең қимасы, жүретін жолдың габариттері, сондай-ақ бірінші және екінші бөренелерге арналған қысымды берудегі майысу сәттерінің көлденең әсер ету сызықтары 6.2-суретте берілген.



6.2-сурет–Қысым беру әсерінің көлденең сызықтары

6.3-суретте көрсетілгендей қызмет көрсететінкөлік құралының бойлай орналасуын есепке аламыз.




6.3-сурет–Бойлықтың ортасындағы майысу сәтінің көлденең әсер ету сызығы және қызмет көрсететін көлік құралының орналасуы

Қысымды берудегі майысу сәтінің көлденең әсер ету сызықтары пішіндерінің сараптамасына сүйене отырып, бірінші бөрене үшін қызмет көрсететін көлік құралының тиімсіз орналасуы 6.4-суретте, ал екінші бөрене үшін 6.5-суретте көрсетілген.


$$M=40 \cdot 10,35 \cdot 0,78 + 40 \cdot 10,35 \cdot 0,63 + 20 \cdot 8,85 \cdot 0,78 + 20 \cdot 8,85 \cdot 0,63 = 833,31 \text{ кНм.}$$

Екінші бөрененің бойлама құрылысының ортасындағы майысу сәтінің көлемін анықтаймыз:

$$M=40 \cdot 10,35 \cdot 0,34 + 40 \cdot 10,35 \cdot 0,36 + 20 \cdot 8,85 \cdot 0,34 + 20 \cdot 8,85 \cdot 0,36 = 413,7 \text{ кНм.}$$



6.4-сурет–Жүктеме схемасы және 1-бөренеге арналған қысымды беру әсерінің көлденең сызығы



6.5-сурет - Жүктеме схемасы және 2-бөренеге арналған қысымды беру әсерінің көлденең сызығы

7 ТЕМІРЖОЛ КӨЛІКТЕРІНЕН ТҮСЕТІН ЖҮКТЕМЕЛЕР

7.1 Жалпы ережелер

7.1.1 Айналып тұратын жылжымалы құрамнан болатын әсерлер тіреп тұратын конструкцияларға, сондай-ақ теміржолға жақын құрылыстарға әртүрлі жүктемелер түсіреді.

7.1.2 Жалпы жағдайда қалыпты пайдалану кезінде поездар қозғалысынан болатын бірнеше жүктеме топтарын бөліп айтуға болады:

- Вертикаль ауыспалы жүктемелер;

- Динамикалық әсерлер;
- Орталықтан сыртқа тебетін күштер;
- Дөңгелектердің көлденең соққылары;
- Тежеу және ауырлық күштері;
- Әуе толқынының қоршаған конструкцияға әсері.

ЕСКЕТПЕ ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 отандық нормативтік құжаттарда ұқсас түрлері жоқ жүктеме модельдері туралы ақпарат бар. Мұндай жүктемелерге жоғары жылдамдықтағы қозғалыстардан (вертикаль, аэродинамикалық және т.б. жүктемелер) түсетін әсерлерді жатқызу керек.

Жүктеме модельдерінің көптеген параметрлерін конструкцияның болжамды қызмет ету мақсаты негізінде Тапсырыш беруші анықтайды.

7.1.3 ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 ауыспалы вертикаль жүктемелердің келесі модельдерін анықтайды:


- 71-жүктеме моделі – қалыпты теміржол қатынасын анықтайтын модель;
- SW/0 жүктеме моделі– бөлінбейтінбойлама құрылыстарға арналған арнайы модель;
- SW/2 жүктеме моделі– ерекше қатты жүктелген желілерге арналған модель;
- HSLM жүктеме моделі – жоғары жылдамдықтағы жолаушылар қозғалысын суреттейтін жүктеме моделі;
- «Жүктелмеген поезд» жүктеме моделі бос жылжымалы құрамнан түсетін әсерді есептеуге арналған.

7.2 Жылжымалы құрамнан түсетін вертикаль жүктемелер

7.2.1 71 Жүктеме моделі

7.2.1.1 71-жүктеме моделі белдік жүктемелер тобынан және бір қалыпты бөліп таратылған жүктемелердің бөліктерінен тұрады.

7.1 Жүктеменің жалпы көрінісі 7.1-суретте көрсетілген.



7.1-сурет[6.1-сурет]–71-үктеме моделініңсхемасы

7.2.1.2 Түрлі қатты жүктелген желілерді есептеу мүмкіндігі үшін ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 нормаларында «жүктемелерді жіктеу» түсінігі енгізілген. ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 нормаларының 6.3.2(3)Р тармағына сәйкес 71 жүктеме моделін, сондай-ақ «туынды» болып табылатын немесе табиғаты 71- жүктеме моделімен ұқсас біруақытта

әрекет ететін барлық жүктемелерді коэффициентке α көбейту жолымен түрі өзгертілген жүктеме жіктелген жүктеме болып табылады.

Коэффициентке α мыналарды көбейту керек:

- 7.2.5 сәйкес жер қабаты үшін баламалы вертикаль жүктемені және топырақ қысымының әсерін;
- 7.4.1 сәйкес орталықтан сыртқа тебетін күштерді;
- 7.4.2 сәйкес дөңгелектердің бүйір қысымының күштерін (α көбейту тек $\alpha \geq 1$ болғанда);
- 7.10 сәйкес апаттық күштерді;
- Г қосымшасына сәйкес жолдың жоғарғы құрылысын есептеу кезіндегі күштер;
- 7.2.2 сәйкес бойлама құрылысы бөлінбейтін көпірлер үшін SW/0 жүктеме моделін.

Коэффициент α төмендегі мәндердің біреуіне ие болуы тиіс:

0,75 – 0,83 – 0,91 – 1,00 – 1,10 – 1,21 – 1,33 – 1,46

Ұлттық қосымша $\alpha \geq 1,10$ коэффициентін қабылдауды ұсынады.

ЕСКЕРТПЕ 71-жүктеме моделі ҚР ҚЕ 3.03-33-2013 «Көпірлер мен құбырлар» бойынша С14 жүктемесіне қарағанда айтарлықтай аз жүктеме ($\alpha = 1,46$ болған кезде де) әсеріне әкеледі. Осыған сүйене отырып, 1,33 мәнінен кем бомайтын коэффициент қабылдау ұсынылады. Бұл коэффициент бірінші және екінші мөлшерлі жағдайларды тексеру кезінде ескеріледі.


7.2.1.3 [6.3.2(4)P] Майысу шектеулерін тексеру кезінде жіктелген вертикаль жүктемелер және 7.2.1.2 сәйкес (жолаушылардың жайлылығын қамтамасыз ететін талаптардан басқа, ол жерде α 1-ге тең болуы тиіс) α көбейтумен ұлғайған басқа да әсерлер қолданылуы тиіс.

МЫСАЛ

Берілді: Шеткі бойлықтың ортасындағы көп бойлықты бөренедегі майысу сәтінің әсер ету сызығы.

Талап етіледі: 71-жүктеме моделін орналастыру.


Шешім: 71-жүктеме моделінің жүктеу схемасы 7.2-суретте көрсетілген.



7.2-сурет – 71 жүктеме моделінің бойлама құрылыста орналасуы

7.2.2 SW/0 және SW/2 жүктеме модельдері

7.2.2.1 SW/0 және SW/2 жүктемелерінің принципті геометриялық схемасы дәл 7.3-суретте көрсетілгендей болып табылады. Жүктеме компоненттерінің мәндері 7.31-кестеде көрсетілген.



7.3-сурет[6.2-сурет] –SW/0 және SW/2 жүктеме модельдерінің схемасы

7.1-кесте[6.1-кесте]–SW/0 және SW/2 жүктеме модельдері үшін вертикаль жүктемелердің сипаттамалары

Жүктеме моделі	q_{vk} , кН/м	a , м	c , м
SW/0	133	15,0	5,3
SW/2	150	25,0	7,0

7.2.2.2 SW/0 жүктеме моделі 7.2.1.2-тармақшасына сәйкес коэффициентке α көбейтілуі тиіс.

7.2.3 «Жүктелмеген поезд» жүктеме моделі


7.2.3.1 Жүктеме моделі «жүктелмеген поезд» сипаттамалық мәні 10 кН/м вертикаль бір қалыпты бөліп таратылған жүктеме болып табылады.

7.2.4 HSLM жүктеме моделі

7.2.4.1 HSLM жүктеме моделі екі жүктемеден тұрады: HSLM-A және HSLM-B. Бұл жүктеме модельдері 200 км/сағ жылдамдықтан асатын жоғары жылдамдықтағы жолаушылар қозғалысы болатын жасанды құрылыстарды жобалағанда қолданылуы тиіс.

7.2.4.2 HSLM жүктеме моделі конструкцияларды динамикалық қойылымда есептеу кезінде резонанс құбылыстарын, сондай-ақ бойлама құрылыстың шамадан тыс жылдамдатуын болдыртпау үшін қолданылуы тиіс.

7.2.4.3 HSLM жүктеме моделі 10 стандарт A1-A10 поездардан тұрады, олар өздерінің құрастырылуына байланысты ерекшеленеді. HSLM-A жүктемесінің жалпы құрастырылу схемасы 7.4-суретте берілген. Стандарт жолаушылар поездарының сипаттамалары 7.2а-кестеде берілген.




1) –күш беретін вагон (алдыңғы және артқы күш беретін вагондар бірдей);2) –соңғы жолаушылар вагоны (соңғы және артқы жолаушылар вагоны бірдей); 3) –аралық жолаушылар вагоны.

7.4-сурет[6.12-сурет] - HSLM-Aмоделі


7.2а-кесте[6.3-кесте]- HSLM-A моделі

Әмбебап поезд	Аралық жолаушылар вагонының саны, N	Жолаушылар вагонының ұзындығыD, м	Арбашалар арасындағы белдіктердің қашықтығыd, м	Жинақталған күшP, кН
A1	18	18	2,0	170
A2	17	19	3,5	200
A3	16	20	2,0	180
A4	15	21	3,0	190
A5	14	22	2,0	170
A6	13	23	2,0	180
A7	13	24	2,0	190
A8	12	25	2,5	190
A9	11	26	2,0	210
A10	11	27	2,0	210

7.2.4.4 HSLM-B жүктемесі 170 кН болатын жинақталған күштерді N білдіреді. Олар біркелкі d интервал сайын қойылған, олардың N және d параметрлері 7.5а және 7.5b-суреттерде көрсетілген



7.5а-сурет[6.13-сурет] –HSLM–B Моделі



мұндағы L — бойлама ұзындығы, м.

7.5b-сурет[6.14-сурет] - HSLM-B моделі

7.2.4.5 HSLM-B жүктемесі бойлама ұзындығы 7 м-ге дейін болатын бөлінген конструкцияларда қолданылады. Бұл жағдай HSLM-B жүктемесінің қолданылуы шектеулі екенін көрсетеді.

7.2.4.6 [6.4.6.1.1(6)] HSLM-A немесе HSLM-B моделі 7.2б-кестесінің талаптарына сәйкес қолданылуы тиіс.

7.2б-кесте[6.4-кесте] — HSLM-A және HSLM-B модельдерінің қолданылуы

Конструкцияның сырт пішіні	Бойлама ұзындығы	
	$L < 7$ м	$L \geq 7$ м
Еркін тірелген аралық ^{a)}	HSLM-B ^{b)} моделі	HSLM-A ^{c)} моделі
Бөлінбейтін конструкция ^{a)} немесе Кешенді конструкция ^{e)}	HSLM-A моделі A1–A10 поездарынқоса алғанда ^{d)}	HSLM-A моделі A1–A10 поездарынқоса алғанда ^{d)}

^{a)} Бөлек ұзына бойлы сызықты бөрене немесе қатты тіректерде орналасқан елеусіз аз қисықтық әсері бар қарапайым тақталар сияқты жұмыс істейтін көпірлер үшін.

^{b)} Ұзындығы 7 м-ге дейін болатын еркін тірелген аралықтар үшін HSLM-B моделінің жалғыз соңғыәмбебап поезды 7.2.4.4 сәйкес есептеу үшін қолданылуы мүмкін.

^{c)} Ұзындығы 7 м-ге дейін және одан көп болатын еркін тірелген аралықтар үшін HSLM-A моделінің жалғыз соңғыәмбебап поездыҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 Е қосымшасына сәйкес динамикалық есептеу үшін қолданылуы мүмкін (баламасы ретінде A1-A10 қоса алғанда әмбебап поездары қолданыла алады).

^{d)} Барлық поездар A1 – A10 қоса алғанда есептеу кезінде қолданылуы тиіс.

^{e)} Жоғарыда айтылған ескертпелерге сәйкес келмейтін кез-келген конструкция, мысалы, қисық көпір, едәуір қисық көпір, жүретін жолдың және негізгі бөренелердің және т.б. айтарлықтай ауытқу түрлері бар ортасынан жүретін конструкциялар. Сондай-ақ жүретін жолдағы тақталардың айтарлықтай ауытқу түрі бар соңғыконструкцияларда да (мысалы, тақталары жұқа, ортасынан жүретін көпірлер немесе төменінен жүретін көпірлер) HSLM-B моделі қолданылуы тиіс.

7.2.5 Жер қабатына түсетін балама вертикаль жүктеме және топырақ қысымының әсері

7.2.5.1 Егер жергілікті жүктеме әсерін елемеуге болатын болса, онда сәйкес жүктеме моделінен балама вертикаль жүктемені қабылдау керек (LM71, 7.2.1.2 сәйкес жіктелген вертикаль жүктеме немесе SW/2).

7.2.5.2 Балама жүктеме рельс жолының түйіске бетінен 0,7 м төмен 3,0 м ендікте бір қалыпты бөліп таратылып қабылданады.

7.2.5.3 Жоғарыда аталған бір қалыпты бөліп таратылған жүктемеге динамикалық коэффициент (күшейту) енгізілмейді.

7.2.5.4 Рельс жолымен жанасқан жеке элементтерді (мысалы, балласт тірек қабырғаларды) есептеу кезінде қарастырылып жатқан элементке теміржол көлігінен түсетін ең жоғарғы жергілікті вертикаль, бойлама және көлденең жүктемелерді есепке алатын арнайы есеп орындалуы тиіс.

7.3 Конструкцияның динамикалық күйінің әсерлерін есептеу

7.3.1 Жалпы ережелер

7.3.1.1 Конструкцияның динамикалық күйін (жолдардың жергілікті ақауларының салдарынан жүріп өткен поездардан болатын соққы әсерлер, мүмкін резонанс құбылыстар және т.б.) есептеу үшін ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 мынадай динамикалық коэффициенттер берілген:

- Динамикалық коэффициент $1+\phi$;
- Динамикалық коэффициент Φ ;
- Динамикалық «қосымша» коэффициенті ϕ_{dyn}^I .

Динамикалық коэффициент $1+\phi$ поездың жылдамдығына, бойлама құрылыстың өзінің жеке жиілігіне, сондай-ақ L_ϕ анықтаушы ұзындығына байланысты функция болып табылады. Динамикалық коэффициент $1+\phi$ тек нақты айналыстағы поездардың жағдайына қарай қолданылады және LM71, SW/0 және SW/2 жүктемелеріне Φ коэффициентін анықтауға арналған негіз болып табылады.

Динамикалық коэффициент Φ LM 71, SW/0 және SW/2 жүктемелері бар жаңа көпір конструкцияларын жобалау үшін қолданылады. Динамикалық коэффициент Φ қызмет көрсететін жолдың анықтаушы ұзындығына және сапасына байланысты болады.

Динамикалық «қосымша» коэффициенті ϕ_{dyn}^I HSLM немесе нақты поездардан болатын жүктемелердің жүктеме әсеріне сараптама жасау кезінде тиімсіз жүктеме сипатын бекіту үшін динамикалық қойылымда есептер жүргізу қажеті болғанда қолданылады.

7.3.2 Динамикалық коэффициент $1+\phi$

7.3.2.1 Динамикалық коэффициент $1+\phi$ көптеген тәжірибелер негізінде алынды. Онда конструкцияның түрлі конструктивтік формалары мен олардың құрамдас

бөлшектері қарастырылған. Осы коэффициент HSLM жүктемелеріне немесе нақты поездарға LM71, SW/0 немесе SW/2 жүктеме модельдерін қолдану кезінде алынған нәтижелермен есептеу нәтижелерін салыстырғанда қолданылады.

Төменде динамикалық коэффициент $1+\varphi$ анықтаумен байланысты негізгі ережелер берілген.

7.3.2.2 Коэффициент φ^I бөліктен тұрады:

- φ^I – конструкцияның жалпы реакциясына динамикалық қосымша;
- φ^{II} – жолдың вертикаль тегіс емес жерлеріне динамикалық қосымша.

7.3.2.3 HSLM немесе нақты поездардан түсетін статикалық жүктемелері көбейтілуі тиіс динамикалық коэффициент $1+\varphi$:

- $1+\varphi=1+\varphi^I+\varphi^{II}$ – рельс жоларына қарапайым қызмет көрсетуде;
- $1+\varphi=1+\varphi^I+0,5\varphi^{II}$ – рельс жолдарына жете қызмет көрсетуде.

Рельс жолдарына жете қызмет көрсету туралы мәлімет болмағанда рельс жолдарына қарапайым қызмет көрсетудегі динамикалық коэффициент $1+\varphi$ қабылдау ұсынылады.

7.3.2.4 Коэффициент φ^I L_Φ анықтаушы ұзындыққа (Құралдың 7.3.4 тармағын қара), поездың ең жоғарғы рұқсат етілген жылдамдығына v (м/с) және тұрақты әсерлермен жүктелген бойлама құрылыстың өзінің жеке жиілігіне n_0 байланысты K коэффициентін қолдану арқылы есептелінеді:

$$K = \frac{v}{2L_\Phi n_0} \quad (7.1)$$

$K < 0,76$ коэффициенті үшін φ^I мына жолмен есептелінеді:

$$\varphi^I = \frac{K}{1-K+K^4} \quad (7.2)$$

$K \geq 0,76$ коэффициенті үшін φ^I мынаған тең:

$$\varphi^I = 1,325$$

φ^{II} коэффициентінің мәні келесі формуламен анықталады:

$$\varphi^{II} = \frac{\alpha}{100} \left[56 \cdot e^{-\left(\frac{L_\Phi}{10}\right)^2} + 50 \left(\frac{L_\Phi \cdot n_0}{80} - 1 \right) e^{-\left(\frac{L_\Phi}{10}\right)^2} \right] \quad (7.3)$$

$$\varphi^I \geq 0,$$

$$\text{мұндағы } \alpha = \frac{v}{22}, \text{ егер } v \leq 22 \text{ м/с;}$$

$$\alpha = 1, \text{ егер } v > 22 \text{ м/с}$$


мұндағы v – көлік құралының жоғарғы рұқсат етілген жылдамдығы, м/с;

n_0 – көпірдің майысу ауытқуларының бірінші жеке жиілігі,

L_Φ - анықтаушы ұзындық, м, 7.3.5 тармағына сәйкес;

α – жылдамдық коэффициенті.

7.3.2.5 (7.2) және $\phi^I = 1,325$ тәуелділігі бойынша анықталған ϕ^I көлем үшін қолданылатын шама 7.6-суретте көрсетілген өз жиілігінің төменгі шек және 200 км/сағ болып табылады. Басқа жағдайлар үшін ϕ^I көлем 7.2.4-тармағына және 7.7-бөліміне сәйкес динамикалық есептің көмегімен анықталуы тиіс. ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 ұлттық қосымшасына сәйкес динамикалық есеп үшін қолданылатын әдіс мемлекеттік органның уәкілетті ұйымымен келісілуі қажет.



(1) — өз жиілігінің жоғарғы мөлшерлі мәні; (2) — өз жиілігінің төменгі мөлшерлі мәні.

7.6-сурет[6.10-сурет] - L бойлама ұзындығына байланысты көпірдің өз жиілігінің n_0 мөлшерлі мәні

7.3.2.6 Қажеттілігі бойынша анықталған (7.3) ϕ^I көлем үшін қолданылатын шама 7.6-суретте көрсетілген өз жиілігінің жоғарғы мөлшері болып табылады. Басқа қалған жағдайлар үшін ϕ^I көлемі 7.2.4-тармағына және 7.7-бөлімге сәйкес поездың серіппесіз белдіктерінің массалары мен көпір массасы арасындағы өзара байланысты қарастыратын динамикалық есеп көмегімен анықталуы тиіс.

7.3.2.7 Өз жиіліктерін анықтау кезінде олардың өзгеру мүмкіндігін ескеру керек. Егер бұл өзгерісті анықтау мүмкін болмаса, онда өз жиілігінің n_0 жоғарғы және төменгі шектері 7.7.1.7 сәйкес анықталуы тиіс.

7.3.3 Φ (Φ_2, Φ_3) динамикалық коэффициенті

7.3.3.1 Φ динамикалық коэффициенті LM71, SW/0 және SW/2 жүктемелерімен бірлесе қолданылады. 71, SW/0 және SW/2 жүктеме модельдеріне арналған статикалық жүктемелерден болатын әсерлер нәтижесін ұлғайтатын Φ динамикалық коэффициенті Φ_2 немесе Φ_3 коэффициенттеріне тең қабылдануы тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Бұл динамикалық коэффициент өзінің болмысы жағынан жүктеме әсерге тек «қосымша» болып табылады (ұқсасы ҚР ҚЕ 3.03-33-2013 бойынша 1+μ «Көпірлер мен құбырлар»), яғни резонанс құбылыстардың болу мүмкіндіктерін ескермейді, сондықтан оны қолдану LM71, SW/0 және SW/2 жүктеме модельдерімен ғана шектелген.

7.3.3.2 Егер конструкцияны жобалау және есептеу кезінде конструкция күйінің динамикалық сараптамасының (мысалы, жоғары жылдамдықтағы қозғалыста) қажеттігі туындаса, онда Φ коэффициентін және HSLM жүктемелеріне немесе ϕ коэффициентін есепке ала отырып, нақты поездардың динамикалық есептерін есепке ала отырып, LM71, SW/0 және SW/2 жүктемелеріне (конструкцияға байланысты) статикалық есептер жүргізіледі.

7.3.3.3 Жете қызмет көрсетілетін теміржол жолдары үшін Φ коэффициенті мынадай:

$$\Phi_2 = \frac{1,44}{\sqrt{L_\Phi} - 0,2} + 0,82, \quad (7.4)$$

бұл ретте $1,00 \leq \Phi_2 \leq 1,67$.

Қарапайым қызмет көрсетілетін теміржол жолдары үшін Φ коэффициенті мынадай

$$\Phi_3 = \frac{2,16}{\sqrt{L_\Phi} - 0,2} + 0,73, \quad (7.5)$$

бұл ретте $1,00 \leq \Phi_3 \leq 2,00$,

мұндағы L_Φ - анықтаушы ұзындық (м) (Φ -пен байланысты ұзындық), оның мәні 7.3-кестеде көрсетілген.


7.3.3.4 Φ динамикалық коэффициент мыналар үшін ескерілмеуі тиіс:

- нақты поездармен негізделген жүктемелер;
- қажу деңгейін есептеу кезіндегі нақты поездармен негізделген жүктемелер (В қосымшасы);
- HSLM (7.2.4.1, 7.2.4.2) жүктемесінің модельдері;
- «жүктелмеген» поезд жүктемелерінің моделі (7.2.3).

7.3-кесте[6.2-кесте] – Анықтаушы ұзындық L_Φ

Жағдай	Конструкция элементі	Анықтаушы ұзындық L_Φ
Бойлама құрылыстың болат тақтасы: балласт жастығы бар «жабық» (тегіс) тақта (ортотропты тақта) (жергілікті және көлденең қысымдар үшін)		
	Көлденең бөренелерден және бөлінбейтін бойлама кабырғалардан тұратын бойлама құрылыс:	
1.1	Бойлама құрылыстың тақтасы (бағыттардың екеуі үшін де)	Көлденең бөренелер арасындағы үш еселенген қашықтық
1.2	Бөлінбейтін көлденең кабырғалар (0,50 м дейінгі консольді қоса алғанда) ^{a)}	Көлденең бөренелер арасындағы үш еселенген қашықтық
1.3	Көлденең бөренелер	Көлденең бөренелердің екі еселенген ұзындығы
1.4	Шеткі көлденең бөренелер	3,6 м ^{b)}
	Көлденең бөренелері бар тақта:	
2.1	Бойлама құрылыстың тақтасы (бағыттардың екеуі үшін де)	Көлденең бөренелер арасындағы екі еселенген ұзындық+3 м
2.2	Көлденең бөренелер	Көлденең бөренелер арасындағы екі еселенген ұзындық+3 м
2.3	Шеткі көлденең бөренелер	3,6 м ^{b)}

7.3-кесте[6.2-кесте] – Анықтаушы ұзындық L_{Φ}

Жағдай	Конструкция элементі	Анықтаушы ұзындық L_{Φ}
Болат арқалық тор: балласт жастығы жоқ «жабық» (тегіс) тақта (өтпелі) (жергілікті және көлденең қысымдар үшін)		
	Бойлама рельс бөренелері:	
3.1	–бөлінбейтін арқалық тор элементі ретінде	Көлденең бөренелер арасындағы үш еселенген қашықтық
	– еркінтірілген	Көлденең бөренелер арасындағы қашықтық +3 м
3.2	бойлама рельс бөренелерінің консоли ^{а)}	3,6 м
3.3	Көлденең бөренелер (көлденең бөренелерден жәнебөлінбейтінбойлама рельс бөренелерден тұратын аралық тордың бөлігі ретінде)	Көлденең бөренелердің екі еселенген ұзындығы
3.4	Шеткі көлденең бөренелер	3,6 м ^{б)}
^{а)} Ереже бойынша теміржол қозғалысының әсерін қабылдайтын 0,50 м-ден жоғары консольдер мемлекеттік органның уәкілетті ұйымымен келісілген жүктемені қоя отырып, 7.7 сәйкес арнайы сараптаманы талап етеді. ^{б)} Осы конструкцияларға жолдарға қызмет көрсету сапасына қарамастан тек F_3 қодану ұсынылады.		
Балласт жастығы бар бетон тақта (жергілікті және көлденең қысымдар үшін)		
4.1	қорапшалы бөрененің немесе негізгі бөрененің жоғарғы белінің бөлігі ретіндегі бойлама құрылыстың тақтасы:	
	–негізгі бөренелерге көлденең орналасқан	Бойлама құрылыс тақтасының үш еселенген бойлығы
	– бойлама бағытта орналасқан	Бойлама құрылыс тақтасының үш еселенген бойлығы
	– көлденең бөренелер	Көлденең бөрененің екі еселенген ұзындығы
	– теміржол жолдарынан болатын жүктемелерді қабылдайтын көлденең консоль	 <p> $e \leq 0,5$ м — қабырғалар арасындағы үш еселенген қашықтық $e > 0,5$ м — см.^{а)} 7.7-сурет — Теміржол жолдарынан болатын жүктемелерді қабылдайтын көлденең консоль </p>
4.2	Бөлінбейтін, бойлама құрылыстың тақтасы (негізгі бөрене бағытында)	Көлденең бөренелер арасындағы екі еселенген қашықтық
4.3	Ортасынан және төменін жүретін көпірлерге арналған бойлама құрылыстың тақтасы:	

7.3-кесте[6.2-кесте] – Анықтаушы ұзындық L_{Φ}

Жағдай	Конструкция элементі	Анықтаушы ұзындық L_{Φ}										
	–негізгі бөренелерге перпендикуляр орналасқан	Бойламақұрылыс тақтасының екі еселенген бойлығы+3 м										
	– бойлама бағытта орналасқан	Бойламақұрылыс тақтасының екі еселенген бойлығы										
4.4	Бетон типті бойламақұрылыстардағы бойлама болат бөренелер арасында көлденең орналасқан бойламақұрылыстың тақталары	Бойлама бағытта екі еселенген анықтаушы ұзындық										
4.5	Бойламақұрылыс тақтасының бойлама консолі	$e \leq 0,5$ м — 3,6 м ^{b)} $e > 0,5$ м — см. ^{a)}										
4.6	Шеткі көлденең бөренелер немесе тіреуіш диафрагмалар	3,6 м ^{b)}										
^{a)} Ереже бойынша теміржол қозғалысының әсерін қабылдайтын 0,50 м-ден жоғары консольдер мемлекеттік органның уәкілетті ұйымымен келісілген жүктемені қоя отырып, 7.7 сәйкес арнайы сараптаманы талап етеді. ^{b)} Осы конструкцияларға жолдарға қызмет көрсету сапасына қарамастан тек Φ_3 кодану ұсынылады. ЕСКЕРТПЕ 1.1 – 4.6 қоса алғандағы жағдайлар үшін L_{Φ} негізгі бөренелердің ең жоғарғы анықтаушы ұзындығымен анықталады.												
Негізгі бөренелер												
5.1	Еркін тірелген бөренелер мен тақталар(бетонмен монолиттелген болат бөренелерді қоса)	Негізгі бөрене бағытындағы бойлама										
5.2	$L_m = 1/n (L_1 + L_2 + \dots + L_n)$ кезінде бойлықтар бойымен нүздіксіз орналасқан бөренелер мен тақталар <div>Порталды рамалар және бекітілген рамалар немесе қорапшалар: – бір бойлықты</div>	$L_{\Phi} = k \times L_m$ $\max L_i (i= 1 \dots, n)$ кем емес <table><tr><td>$n=$</td><td>2</td><td>3</td><td>4</td><td>≥ 5</td></tr><tr><td></td><td>1,2</td><td>1,3</td><td>1,4</td><td>1,5</td></tr></table> Үш бойлықты бөлінбейтін бөрене ретінде қарастыру керек (рама элементерінің немесе қорапшаның вертикаль және горизонталь ұзындығы бар 5.2 қолдану керек)	$n=$	2	3	4	≥ 5		1,2	1,3	1,4	1,5
$n=$	2	3	4	≥ 5								
	1,2	1,3	1,4	1,5								
5.3	– көп бойлықты	Көп бойлықты бөлінбейтін бөрене ретінде қарастыру керек (шеткі вертикаль элементтердің және горизонталь элементтердің ұзындығы бар 5.2 қолдану керек)										
5.4	Жеке арка, қатты қисық сызықты бөрене, конструкцияның созылмалы қатты бөренелері	Бойлықтың жартысы										
5.5	Толтырылғандарды ұстап тұратын тегіс құрылыстары бар аркалар тізімі	Жарықта екі еселенген өлшем										
5.6	Аспалар (қатты бөренелермен қосқанда)	4 бойлама аспалар қадамына көбейтілген										
Конструкцияның тіректері												
6	Бағаналар, эстакадалар, тірек бөліктері, бойламақұрылыстың көтеріліп тұратын тіректері, түйіске қсымыды анықтауға арналған тірек бөліктерінің астындағы анкерлер	Ұстап тұратын элементтердің анықтаушы ұзындығы										

7.3.3.5 Аркалы көпірлер конструкциясына және 1 м-ден астам қалыңдықта құйылған темір бетон бойламақұрылыстарға қолданылатын Φ динамикалық коэффициенті мынадай тәсілмен есептелінеді:

$$red\Phi_{2,3} = \Phi_{2,3} - \frac{h-1,00}{10} \geq 1,0, \quad (7.6)$$

мұндағы h –бойламақұрылыстың төбесінен шпалдың төбесіне дейінгі балаасты қоса алғандағы құюдың қалыңдығы (аркалы көпірлер үшін арканың төбесіне дейін), м.

7.3.4 Анықтаушы ұзындық L_Φ

7.3.4.1 Жалпы жағдайда қарастырылып жатқан элементтің майысудың әсер ету сызығының ұзындығы анықтаушы ұзындық болып табылады.

ЕСКЕРТПЕ Анықтаушы ұзындық түсінігі өзінің физикалық мағынасы жағынан ҚР ҚЕЗ.03-33-2013 «Көпірлер мен құбырлар» бойынша λ мәніне (әсер сызығы жүктемесінің ұзындығы) жақын.

7.3.4.2 Әртүрлі сындарлы нышандар үшін ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 мынадай анықтаушы ұзындық L_Φ мәндерін ұсынады, олар 7.3-кестеде берілген.

7.3.5 Динамикалық «қосымша» коэффициенті Φ_{dyn}^I

7.3.5.1 Φ_{dyn}^I коэффициенті тура динамикалық есеп негізінде есептелінеді және динамикалық есеп кезіндегі HSLM жүктеме моделінен болатын жүктеме әсері конструкцияны HSLM жүктемесімен немесе нақты поездбен статикалық жүктеу кезіндегі жүктеме әсерінен қанша есе айырмашылығы бар екенін көрсетеді: $\Phi_{dyn}^I = \max|y_{dyn}/y_{stat}| - 1$, мұндағы y_{dyn} – нақты поезд немесе HSLM жүктеме моделінен болатын конструкцияның кез-келген белгілі бір нүктесіндегі ең жоғарғы динамикалық мән.

Φ_{dyn}^I коэффициенті Φ^II коэффициентімен бірге қолданылады, ол туралы жоғарыда айтылды.

7.4 Сипаттамалық горизонталь жүктемелер

7.4.1 Орталықтан сыртқа тебетін күштер

7.4.1.1 Орталықтан сыртқа тебетін күштерден болатын жүктемелерді есептеу кезінде мына ұсыныстарды орындаған жөн:

- Орталықтан сыртқа тебетін күш рельстің түйіскен бетінен 1,8 м биіктікте болады (4.1-суретті қара);

- орталықтан сыртқа тебетін күштердің сипаттамалық мәні Φ динамикалық коэффициенті көбейтілмейді;

ЕСКЕРТПЕ Орталықтан сыртқа тебетін жүктемелердің вертикаль әсерлерін қарастырғанда бұрылыстың еңекеюінен болған кез-келген азайтуды шегеріп, сәйкес динамикалық коэффициентке көбейтумен ұлғаяды.

- Орталықтан сыртқа тебетін күштердің сипаттамалық мәні келесі әдіспен есептелінеді:

$$Q_{tk} = \frac{v^2}{g \cdot r} (f \cdot Q_{vk}) = \frac{V^2}{127r} (f \cdot Q_{vk}), \quad (7.7)$$

$$q_{tk} = \frac{v^2}{g \cdot r} (f \cdot q_{vk}) = \frac{V^2}{127r} (f \cdot q_{vk}), \quad (7.8)$$

мұндағы Q_{tk} , q_{tk} – орталықтан сыртқа тебетін күштердің сипаттамалық мәні, кН, кН/м, ол 71 жүктеменің құрамдас бөліктерінен алынған;

Q_{vk} , q_{vk} – 71, SW/0, SW/2 және «жүктелмеген поезд» жүктеме модельдеріне арналған (динамикалық коэффициенттерді есепке алмай) вертикаль жүктемелердің сипаттамалық мәндері. HSLM жүктеме моделін қолданғанда орталықтан сыртқа тебетін күш 71 жүктемесінен болған табылған мәнге тең етіңп қабылданады

f - төмендетуші коэффициент, мынаған тең:

$$f = \left[1 - \frac{V-120}{1000} \cdot \left(\frac{814}{V} + 1,75 \right) \cdot \left(1 - \sqrt{\frac{2,88}{L_f}} \right) \right] \quad (7.9)$$

ең аз мәні 0,35 болған шартымен,

мұндағы v – сызықтың берілген учаскесіндегі ең жоғарғы жылдамдық, м/с (SW/2 жүктемесі үшін, 22,22 м/с);

V – сызықтың берілген учаскесіндегі ең жоғарғы жылдамдық, м/с (SW/2 жүктемесі үшін, 80 км/ч);

g – ауырлық күшін жылдамдату, 9,81 м/с²;

r – қисық радиусы, м;

L_f – дәсер сызығын жүктеу ұзындығы («әсер етуші ұзындық»), м;

$f=1$ немесе $v \leq 120$ үшін немесе $L_f \leq 2,88$ үшін;

$f < 1$ $120 < v \leq 300$ үшін ;

(7.4-кестесін немесе 7.8-суретті және (7.9) формуласын қара), және $L_f > 2,88$ $f_{(v)} = f_{(300)}$ $v > 300$ үшін.

7.4.1.2 [6.5.1(5)P] Есептеулер берілген жердегі белгілі (берілген) ең жоғарғы сызықтық жылдамдыққа негізделуі тиіс. SW/2 жүктеме моделінің жағдайында баламалы ең жоғарғы жылдамдық қабылдана алады.

ЕСКЕРТПЕ 1 Нақты жоба талаптарды белгілей алады.

ЕСКЕРТПЕ 2 SW/2 моделі үшін ең жоғарғы жылдамдық 80 км/сағ бола алады.

ЕСКЕРТПЕ 3 Инфрақұрылымның болашақта болатын өзгерістер мен болашақ жылжымалы құрамды ескеру үшін берілген жердегі жоғарлаған ең жоғарғы сызықты жылдамдықты анықтауға кеңес беріледі.


**7.4-кесте[6.7-кесте] —71 және SW/0 жүктеме модельдеріне арналған
f коэффициент**

$L_f, \text{ м}$	7.4.1.2 сәйкес ең жоғарғы жылдамдық , км/сағ				
	≤ 120	160	200	250	≥ 300
$\leq 2,88$	1,00	1,00	1,00	1,00	1,00
3	1,00	0,99	0,99	0,99	0,98
4	1,00	0,96	0,93	0,90	0,88
5	1,00	0,93	0,89	0,84	0,81
6	1,00	0,92	0,86	0,80	0,75
7	1,00	0,90	0,83	0,77	0,71
8	1,00	0,89	0,81	0,74	0,68
9	1,00	0,88	0,80	0,72	0,65
10	1,00	0,87	0,78	0,70	0,63
12	1,00	0,86	0,76	0,67	0,59
15	1,00	0,85	0,74	0,63	0,55
20	1,00	0,83	0,71	0,60	0,50
30	1,00	0,81	0,68	0,55	0,45
40	1,00	0,80	0,66	0,52	0,41
50	1,00	0,79	0,65	0,50	0,39
60	1,00	0,79	0,64	0,49	0,37
70	1,00	0,78	0,63	0,48	0,36
80	1,00	0,78	0,62	0,47	0,35
90	1,00	0,78	0,62	0,47	0,35
100	1,00	0,77	0,61	0,46	0,35
≥ 150	1,00	0,76	0,60	0,44	0,35

7.4.1.3 Жол учаскесіндегі ең жоғарғы жылдамдық 120 км/сағ асатын боса, онда мына есептеулерді ескеру қажет:

- 71 вертикаль ауыспалы жүктеме (егер бұл қажет боса, SW/0 жүктеме моделі үшін), $f=1$ коэффициенті бар 120 км/сағ жылдамдықта (7.7) және (7.8) формулаларымен есептелінген оның динамикалық коэффициенті, α коэффициенті мен орталықтан сыртқа тебетін күші бар;

- 71 вертикаль ауыспалы жүктеме (егер бұл қажет болса, SW/0 жүктеме моделі үшін), f коэффициентін ескере отырып, жолдың берілген жер учаскесіндегі ең жоғарғы жылдамдықты қолданып, 7.9 формуласы немесе 7.4-кесте немесе 7.8-сурет бойыша есептелінген динамикалық коэффициенті, $\alpha=1$ коэффициенті мен орталықтан сыртқа тебетін күші бар.



7.8-сурет[6.16-сурет]— 71 және SW/0 жүктеме модельдеріне арналған f коэффициент

7.4.1.4 LM71 және SW/0 модельдері үшін орталықтан сыртқа тебетін күш (7.7) және (7.8) формулаларымен және 7.5-кестеде көрсетілген жүктемелер жағдайына сәйкес жіктелген вертикаль жүктемелерді пайдаланып анықталуы тиіс. α коэффициенті 7.2.1.2 тармақшасында берілген.

7.5-кестеде төмендегілер берілген:

V — 7.4.1.2 сәйкес ең жоғарғы жылдамдық, км/ч;

f — 7.4-кестеге сәйкес төмендетуші коэффициент;

α — 7.2.1.2 сәйкес жіктелген вертикаль жүктемелерге арналған коэффициент;

LM71 " + " SW/0 — 71 жүктеме моделі және, егер бұл жағдайға сәйкес келсе, SW/0 жүктеме моделі бөлінбейін көпірлер үшін.

7.4.2 Дөңгелектердің бүйір қысымының күші

7.4.2.1 Дөңгелектердің бүйір қысымының күші горизонталь әрекет ететін, рельс жолының деңгейіндегі, рельс жолының белдік сызығына перпендикуляр жинақталған күш ретінде қабылдануы тиіс.

7.5-кесте [6.8-кесте] — α мәніне және берілген жердегі α ең жоғарғы сызықты жылдамдығының мәніне сәйкес келетін орталықтан сыртқа тебетін күшке арналған жүктемелерді анықтау жағдайлары

Мән α	Берілген жердегі ең жоғарғы сызықты жылдамд ық, км/ч	^{d)} негізделген орталықтан сыртқа тебетін күш				^{a)} негізделген сәйкес вертикаль көліктік әсер
		V , км/сағ	α	f		
$\alpha < 1$	>120	V	$1^c)$	f	$1^c) \times f \times$ (LM71" + "SW/0) 7.4.1.3 ^{b)} жағдайы үшін	$\Phi \times \alpha \times 1 \times$ (LM71" + "SW/0)
		120	α	1	$\alpha \times 1 \times$ (LM71" + "SW/0) 7.4.1.3 ^{a)} жағдайы үшін	$\Phi \times \alpha \times 1 \times$ (LM71" + "SW/0)
		0	—	—	—	
	≤ 120	V	α	1	$\alpha \times 1 \times$ (LM71" + "SW/0)	
		0	—	—	—	
$\alpha = 1$	>120	V	1	f	$1 \times f \times$ (LM71" + "SW/0) 7.4.1.3 ^{b)} жағдайы үшін	$\Phi \times 1 \times 1 \times$ (LM71" + "SW/0)
		120	1	1	$1 \times 1 \times$ (LM71" + "SW/0) 7.4.1.3 ^{a)} жағдайы үшін	$\Phi \times 1 \times 1 \times$ (LM71" + "SW/0)
		0	—	—	—	
	≤ 120	V	1	1	$1 \times 1 \times$ (LM71" + "SW/0)	
		0	—	—	—	
$\alpha > 1$	>120 ^{b)}	V	1	f	$1 \times f \times$ (LM71" + "SW/0) 7.4.1.3 ^{b)} жағдайы үшін	$\Phi \times 1 \times 1 \times$ (LM71" + "SW/0)
		120	α	1	$\alpha \times 1 \times$ (LM71" + "SW/0) 7.4.1.3 ^{a)} жағдайы үшін	$\Phi \times \alpha \times 1 \times$ (LM71" + "SW/0)
		0	—	—	—	
	≤ 120	V	α	1	$\alpha \times 1 \times$ (LM71" + "SW/0)	
		0	—	—	—	

^{a)} (LM71" + "SW/0) орнына $(0,5 \times (LM71" + "SW/0))$, мұнда вертикаль көліктік әсерлер қолайлы.

^{b)} 120 км/сағ шектелген ең жоғары жылдамдықпен ауыр жүктерді тасымалдау жобаланып тұрса қолданылады.

^{c)} $\alpha = 1$, f коэффициентпен поезд салмағының азаюын екі рет есептеуді болдырмас үшін.

^{d)} Орталықтан сыртқа тебетін күштен болатын вертикаль жүктеменің әсері бұрылыстың еңкеюінен болған кез-келген азайтуды шегеріп, сәйкес динамикалық коэффициентке көбейтумен ұлғаюы тиіс. Орталықтан сыртқа тебетін жүктемелердің вертикаль әсерлерін қарастырғанда α коэффициенті жоғарыда көрсетілгендей есепке алынуы тиіс.

7.4.2.2 Дөңгелектердің бүйір қысымы күштерінің сипаттамалық мәні $Q_{sk} = 100$ кН тең етіп алынады және 7.3.3 тармағында берілген Φ динамикалық коэффициентке немесе 7.4.1 тармағында берілген f коэффициентке көбейтілмеуі тиіс.

7.4.2.3 [6.5.2(3)] дөңгелектердің бүйір қысымы күштерінің сипаттамалық мәні 7.4.2.2 бойынша $\alpha \geq 1$ үшін 7.2.1.2 тармақшасында берілген α коэффициентке көбейтілуі тиіс.

7.4.2.4 Дөңгелектердің бүйір қысымы күштерінің сипаттамалық мәні жылжымалы құрамнан түсетін вертикаль жүктемемен ескерілуі тиіс.

7.4.3 Тежеу және ауырлық күштері

7.4.3.1 Тежеуден болатын әсерлер немесе ауырлық күштері $L_{a,b}$ әсер ету сызығы жүктемесінің ұзына бойы рельстердің басына қойылған бір қалыпты бөліп таратылған күштерді білдіреді.

7.4.3.2 Ауырлық және тежеу күштері әрекетінің бағыттары бойламақұрылыстағы жылжымалы құрам қозғалысының мүмкін бағытына сүйене отырып, қабылданады.

7.4.3.3 71, SW/0, SW/2 және HSLM модельдері үшін ауырлық күшінің сипаттамалық мәні $Q_{lak} = 33$ [кН/м] $\times L_{a,b}$ [м] тең етіп алынады, бірақ өзінің жүктеме ұзындығынан 1000 кН аспайды.

7.4.3.4 71, SW/0, SW/2 және HSLM модельдері үшін тежеу күшінің сипаттамалық мәні $Q_{lak} = 20$ [кН/м] $\times L_{a,b}$ [м] тең етіп алынады, бірақ өзінің жүктеме ұзындығынан 6000 кН аспайды.

7.4.3.5 SW/2 жүктеме моделі үшін тежеу күші шектеусіз 35 [кН/м] $\times L_{a,b}$ [м] тең етіп қабылданады.

7.4.3.6 Тежеу және ауырлық күштерінің сипаттамалық мәндерін Φ және f коэффициенттерін есепке алмай қабылау керек.

7.4.3.7 71 және SW/0 жүктеме модельдері үшін тежеу және ауырлық күштері 7.2.1.2 тармақшасында берілген α коэффициентіне көбейтілуі тиіс.

7.4.3.8 Тежеу және ауырлық күштері сәйкес вертикаль ауыспалы жүктемелер моделімен бірге әрекет етулері керек.

7.4.3.9 [6.5.3(8)] Егер рельс жолы көпірдің бір немесе екі шетінде де үздіксіз болса, онда тежеу және ауырлық күшінің бір бөлігі ғана бойламақұрылыс арқылы тіректерге беріледі, ал күштің қалған бөлігі рельс жолы арқылы жаға тұрақтарының артына беріледі. Бойламақұрылыс арқылы тіректерге берілетін күштің бір бөлігі Γ қосымшасына сәйкес конструкция мен рельс жолдарының ортақ реакциясын есепке ала отырып, анықталуы тиіс.

7.4.3.10 Егер көпірде әртүрлі қозғалыс бағытында екі не одан көп рельс жолы орналасқан болса, онда жолдың біруінде тежеу күштерін екінші жолдағы ауырлық күшімен бірлесіп қарастыру керек. Егер көпірде бір қозғалыс бағытында екі не одан көп рельс жолы орналасқан болса, онда екі рельс жолындағы ауырлық күштерінің немесе тежеу күштерінің ортақ әрекет ету жағдайлары ескерілуі тиіс.

7.4.3.11 SW/0, SW/2 жүктеме модельдері үшін ауырлық және тежеу күштері 7.3-муретке және 7.1-кестеге сәйкес бойламақұрылыстың осы вертикаль жүктемелері бар учаскелеріне беріледі.

7.4.3.12 Тежеу және ауырлық күштері «жүктелмеген поезд» жүктеме моделі үшін ескерілмесе болады.

7.5 Жүктеу ережелері

7.5.1 Теміржол қозғалысына арналған көпірлерді жоспарлағанда бойлама құрылыста бірнеше жолдың болуын ескеру керек. Егер бойлама құрылыста жобалау тапсырмасында жазылғаннан да көп бірнеше рельс жолдарын салу мүмкін болса, онда барлық мүмкін жолдарды жүктеу кезіндегі шекті жағдайын тексеру жүргізілуі тиіс. Бойлама құрылыстағы рельс жолдарының мүмкін саны бойлама құрылыстың ені, сондай-ақ жылжымалы құрамның жақындау габариттерінің негізінде анықталады.

7.5.2 Жүктеме әсерлері жүктеме модельдерінің ең қолайсыз жағдайынан алынуы тиіс. Бұл ретте қолайлы жағдай туғызатын жүктеме моделінің бөлігі еспке алынбайды.

7.5.3 Бойлама құрылыстарды 71-жүктеме моделімен жүктегенде ең қолайсыз жағдайға қол жеткізу үшін мына қосымша ережелерді қолдану қажет:

- Бір қалыпты бөліп таратылған жүктеме бөліктері қолайсыз әсер тудыратын әсер ету сызықтарының учаскелеріне ғана қойылады;

- Бір рельс жолында 71- жүктеме моделінен тұратын бір ғана жинақталған жүктеме бола алады;

- Екі немесе одан да көп рельс жолдары бар бойлама құрылыстар үшін мына жүктеме жағдайларын қарастыру қажет: бір немес екі жолды толығымен 71 жүктемесімен және үш немесе одан да көп жолдарды 0,75 төмендету коэффициенті бар 71 жүктеме моделімен жүктеу.

7.5.4 SW/0 жүктеме моделін қолданғанда 71 жүктеме моделіне қолданылатын ережелер де қолданылады.

7.5.5 Бірнеше рельстен тұратын конструкциялар үшін SW/2 жүктеме моделі кез-келген рельстің біреуіне қойыла алады, бірақ бұл кезде 71 жүктеме моделі немесе SW/0 жүктеме моделі 7.5.3 және 7.5.4 сәйкес басқа рельс жолына қойылуы тиіс.

7.5.6 71 жүктеме моделіне ынғайланып жобаланатын бөлінбейтін бойлама құрылыстар үшін SW/0 жүктемесіне төзімділігін тексеру міндетті.

7.5.7 «Жүктелмеген поезд» жүктеме моделі үшін келесі ережелер берілген:

- Бос жылжымалы құрам жүктемесімен жүктеу ізделіп отырған жүктеме нәтижесі мәнінің өсуін тудыратын әсер ету сызықтарының учаскелерінде ғана жүргізіледі.

- Бір рельс жолы бар бойлама құрылыстар үшін «жүктелмеген поезд» жүктеме моделін қолданып, шекті жағдайын тексеру міндетті болып табылады.

7.5.8 7.7.1 сәйкес ұзына буюйғы құрылыстың динамикалық есебін анықтау қажеттілігі анықталса, онда есепті теміржол желісіне қарай нақты поезддардан немесе HSLM жүктемесінен түсетін жүктемелерге жүргізу керек. Нақты поезддардан түсетін жүктемелердің ең қолайсыз әсерлерін анықтау және HSLM жүктеме моделін қолдану 7.2.4.6 және 7.7.8.3 тармақтарына сәйкес орындалуы тиіс.

7.5.9 Майысқан жерлерді, деформациялар мен ауытқуларды тексергенде есепке келесі жүктеме модельдері алынуы тиіс:

- 71 жүктеме моделі және SW/0 және SW/2 модельдері, қажет болғанда;

–HSLM жүктеме моделі, егер жоғары жылдамдықтағы поездарды пайдалану болжанса;

–Нақты поезд моделі, егер бойлама құрылыстың динамикалық сараптамасының қажеттілігі болса.

7.5.10 [6.8.1(11)P] бір немесе бірнеше рельс жолдарынан тұратын бойлама құрылыстар үшін майысқан жерлердің және тербелістердің шекті мәндерін тексеру рельс жолдарын 7.6-кестеге сәйкес қабылданған барлық тиісті көліктік әсерлермен жүктелгенде орындалуы тиіс. Егер бұл 7.2.1.2 тармағына сәйкес қажет болса, онда жіктелген жүктемелер есепке алынуы тиіс.

7.6-кесте [6.10-кесте] — Майысқан жерлердің және тербелістердің шекті мәндерін тексеру үшін жүктелуі тиіс рельс жолдарының саны

Шекті жағдайы және сәйкес жарамдылық белгілері	Көпірдегі рельстер саны		
	1	2	≥3
Жол қозғалысы қауіпсіздігін тексеру:			
- бойлама құрылыстың бұралуы (ҚР ҚН EN 1990, A2.4.4.2.2)	1	1 немесе 2	1,немесе 2,немесе 3, немесеодан жоғары
- бойлама құрылыстың вертикаль деформациялануы (ҚР ҚН EN 1990, A2.4.4.2.3)	1	1 немесе 2	1,немесе 2,немесе 3, немесеодан жоғары
- бойлама құрылыстың горизонталь деформациялануы(СН РК EN 1990, A2.4.4.2.4)	1	1 немесе 2	1,немесе 2,немесе 3, немесеодан жоғары
- конструкция мен рельс жолының ауыспалы әсерлерге, бойлама құрылыс шегінің вертикаль және ұзынан жылжуының шекті мәндерін қоса алғандағы ортақ реакциясы (ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011, 6.5.4)	1	1 немесе 2	1 немесе 2
- бойлама құрылыстың вертикаль жылдамдауы (ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011, 6.4.6 және ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, A2.4.4.2.1)	1	1	1
SLS тексерулері:			
- жолаушылар жайлылығының белгілері (ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, A2.4.4.3)	1	1	1
ULS тексерулері			
- бойлама құрылыс тіректерін көтеру (ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, A2.4.4.1(2)P)	1	1 немесе 2	1,немесе 2,немесе 3, немесеодан жоғары
ЕСКЕРТПЕ Егер жүктемелер тобы қолданылса, онда қарауға жататын рельстер саны 7.7-кестеге сәйкес келуі тиіс. Егер жүктемелер тобы қолданылмаса, онда қарауға жататын рельстер саны 7-7-кестеге сәйкес болуы тиіс.			

7.6 Жүктемелер тобы

7.6.1 «Жүктемелер тобы» бұл жылжымалы құрамнан түсетін жүктемелерді ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 A2 қосымшасында және осы НТҚ А қосымшасында айтылған теңестірулерде бірыңғай жүктеме болып табылатын жүктемелер комбинациясы.

7.6.2 Төменде берілген әрбір топ бірыңғай жүктеме ретінде қабылдануы тиіс және А қосымшасына сәйкес көліктік емес жүктемелермен үйлесімде болуы тиіс (немесе айтылған топтардан алынған жүктеме әсері басқа жүктемелер әсерімен (ауыспалы көліктік емес) үйлесімді болуы тиіс).

7.6.3 Әрбір жүктеме тобы үшін «негізгі» және «ілеспелі» жүктемелер белгіленген. «Негізгі» жүктемелер сипаттамалық болып қабылданады, «ілеспелі» 7.7-кестеде берілген төмендету коэффициенттерін есепке алып қабылданады. А қосымшасына сәйкес жалпы жүктеме әсерін есептеп шығарғанда барлық тұрақты және ауыспалы әсерлерден көліктен болатын жүктеме тобына ψ бірыңғай коэффициенті қолданылады және шекті соңғыжағдайын тексергенде γ_Q бірыңғай коэффициенті қолданылады. Жүктемелер тобы 7.7.-кестеде берілген. Ψ және γ_Q коэффициенттерінің мәндері А қосымшасында берілген.

7.7 Динамикалық есеп параметрлері

7.7.1 Жалпы ережелер

7.7.1.1 Бойлама құрылыстан жоғары жылдамдықтағы поездар өткенде резонанс құбылыстарының, бойлама құрылыстың елеулі жылдамдауы немесе жол беруге бомайтын майысулар шығу мүмкіндігі бар. Олар конструкцияның төзімділігіне, бойлама құрылыстың да поездардың да қауіпсіз пайдаланылуына әсер етеді. Мұндай құбылыстар нақты айналымдағы поездардан да болуы мүмкін.

7.7.1.2 Өтіп жатқан жүктемелер астындағы бойлама құрылыстың динамикалық күйі келесі факторларға байланысты болады:

а) Жүктеме параметрлері:

- 1) Өтіп бара жатқан поездардың жылдамдығы;
- 2) Бойлық ұзындығы;
- 3) Көлемі.

б) Жол параметерлері:

- 1) Жеке жиіліктері .

в) Конструкция параметрлері:

- 1) Белдіктер саны, олардың арасындағы қашықтық;
- 2) Белдіктерге түсетін жүктеме;
- 3) Демпфирлеу;
- 4) Жол ақаулары.

Сонымен қатар конструкцияның динамикалық күйіне әсер ететін факторлар болып мыналар болып табылады::

–бойлама құрылыс тақталарының және/немесе рельс жолдарының үнемі орналасқан тірек конструкцияларының болуы (көлденең бөренелер, шпалдар және т.б.);

–рельс жолдарының динамикалық сипаттамалары (балласт, шпалдар, рельс жолдарының компоненттері және т.б.);

–Көлік құралының жетілмегендігі (дөңгелектердің ойылуы, домалақ емес дөңгелектер, аспалардың зақымдануы және т.б.);

–Көлік құралының серіппелі/серіппесіз салмағы және көлік аспасының сипаттамасы.

7.7.1.3 Нақты поездың динамикалық әсері жылжымалы нүкте қойылған жинақталған күштердің жиынтығы болып табылуы мүмкін. Көлік құралының және конструкция салмақтарының өзара байланыс әсерін елемеуге болады.

7.7-кесте[6.11-кесте]–Теміржол көлігінен түсетін жүктемелер тобы (көп компонентті әсерлердің сипаттамалық мәндері)

Конструкция дағы рельс жолдарының саны			Жүктемелер тобы			Вертикаль күштер			Горизонталь күштер			Ескертпе
			Ссылка на СН РК EN 1991-2:2003/2011			7.2.1; 7.2.2	7.2.2	7.2.3	7.4.3	7.4.1	7.4.2	
1	2	3	Жүктелген рельс жолдарының саны	Жүктемелер тобы ⁽⁸⁾	Жүктелген рельс жолы	LM 71 ⁽¹⁾ SW/0 ^{(1);(2)} HSLM ⁽⁶⁾ :(7)	SW/2 ^{(1);(3)}	Жүктелмеген поезд	Ауырлық күші, тежеу күштері ⁽¹⁾	Ортаықта н сыртқа тебетін күш ⁽¹⁾	Дөңгелектердің бүйір қысымының күштері ⁽¹⁾	
			1	gr11	T ₁	1			1 ⁽⁵⁾	0,5 ⁽⁵⁾	0,5 ⁽⁵⁾	Ең жоғарғы вертикаль 1 ең жоғарғы бойлама
			1	gr12	T ₁	1			0,5 ⁽⁵⁾	1 ⁽⁵⁾	1 ⁽⁵⁾	Ең жоғарғы вертикаль 2 ең жоғарғы көлденең
			1	gr13	T ₁	1 ⁽⁴⁾			1	0,5 ⁽⁵⁾	0,5 ⁽⁵⁾	Ең жоғарғы бойлама
			1	gr14	T ₁	1 ⁽⁴⁾			0,5 ⁽⁵⁾	1	1	Ең жоғарғы бүйір
			1	gr15	T ₁			1		1 ⁽⁵⁾	1 ⁽⁵⁾	«Жүктелмеген поездбен» көлденең төзімділік
			1	gr16	T ₁		1		1 ⁽⁵⁾	0,5 ⁽⁵⁾	0,5 ⁽⁵⁾	SW/2 ең жоғарғы бойлама
			1	gr17	T ₁		1		0,5 ⁽⁵⁾	1 ⁽⁵⁾	1 ⁽⁵⁾	SW/2 ең жоғарғы көлденең
			2	gr21	T ₁ T ₂	1 1			1 ⁽⁵⁾ 1 ⁽⁵⁾	0,5 ⁽⁵⁾ 0,5 ⁽⁵⁾	0,5 ⁽⁵⁾ 0,5 ⁽⁵⁾	Ең жоғарғы вертикаль 1 ең жоғарғы бойлама
			2	gr22	T ₁ T ₂	1 1			0,5 ⁽⁵⁾ 0,5 ⁽⁵⁾	1 ⁽⁵⁾ 1 ⁽⁵⁾	1 ⁽⁵⁾ 1 ⁽⁵⁾	Ең жоғарғы вертикаль 2 ең жоғарғы көлденең
			2	gr23	T ₁ T ₂	1 ⁽⁴⁾ 1 ⁽⁴⁾			1 1	0,5 ⁽⁵⁾ 0,5 ⁽⁵⁾	0,5 ⁽⁵⁾ 0,5 ⁽⁵⁾	Ең жоғарғы бойлама
			2	gr24	T ₁ T ₂	1 ⁽⁴⁾ 1 ⁽⁴⁾			0,5 ⁽⁵⁾ 0,5 ⁽⁵⁾	1 1	1 1	Ең жоғарғы көлденең
			2	gr26	T ₁ T ₂	1 1	1		1 ⁽⁵⁾ 1 ⁽⁵⁾	0,5 ⁽⁵⁾ 0,5 ⁽⁵⁾	0,5 ⁽⁵⁾ 0,5 ⁽⁵⁾	SW/2 ең жоғарғы бойлама
			2	gr27	T ₁ T ₂	1 1	1		0,5 ⁽⁵⁾ 0,5 ⁽⁵⁾	1 ⁽⁵⁾ 1 ⁽⁵⁾	1 ⁽⁵⁾ 1 ⁽⁵⁾	SW/2 ең жоғарғы көлденең
			≥3	gr31	T _i	0,75			0,75 ⁽⁵⁾	0,75 ⁽⁵⁾	0,75 ⁽⁵⁾	Қосымша жүктеме жағдайы

⁽¹⁾Барлық сәйкес мәндер (α , Φ , f ,...) есепке алынуы тиіс.

⁽²⁾ SW/0 моделі бөренелі бөлінбейтін конструкциялар үшін ғана есепке алынуы тиіс.

⁽³⁾ SW/2 моделін желі үшін ескертілген болған жағдайда ғана есепке алынуы тиіс.

⁽⁴⁾Егер әсер қолайлы болса, коэффициентті 0,5-ке дейін азайтуға болады, бірақ ол 0-ге тең бола алмайды.

⁽⁵⁾Қолайлы жағдайларда осы басым емес мәндер 0-ге тең болып алынуы керек.

⁽⁶⁾ HSLM және нақты поезддардан түсетін жүктеме модельдері, егер олар талап етілсе, 7.7.1 және 7.2.4 сәйкес.

⁽⁷⁾7.7.1-тармағына сәйкес динамикалық жүктемені есептеу керек болса, сондай-ақ 7.7.8.3 және 7.7.7. қара.

⁽⁸⁾Сондай-ақ А қосымшасының А3-кестесін және ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 А2.3-кестесін қара

Басым компоненттің әсері, егер ол қолданылатын болса.

Бір рельс жолынан тұратын конструкцияны есептегенде қарау керек (жүктемелер тобы 11-17).

Екі рельс жолынан тұратын конструкцияны есептегенде қарау керек (жүктеме тобы 11 -27, 15-тен басқа). Осы рельс жолдарының әрқайсысын T₁ (рельс жолы 1), немесе T₂ (рельс жолы 2) ретінде қарау керек. .

Үш немес одан да көп рельс жолдарынан тұратын конструкцияны есептегенде қарау керек (жүктемелер тобы 11-31, 15-тен басқа). Әрбір рельс жолы басқа әрбір рельс жолы сияқты T₂ ретінде, ал қалған рельс жолдары жүктелмеген сияқты қабылдануы тиіс. Сонымен қатар жүктемелер тобы 31 қосымша жүктеме жағдайы ретінде қарастыру керек. Онда барлық қолайсыз рельс жолдарының ұзындықтары T_i-мен жүктелген.

7.7.1.4 Есептегенде поездың бар ұзындығы бойынша белдік күштерінің түрлендірмесі және жеке белдіктер мен белдік топтары үшін интервалдың түрлендірмесі есепке алынуы тиіс.

Ереже бойынша есептеу әдісі конструкцияның келесі динамикалық сипаттамаларын есепке алуы тиіс:

- көрші жиіліктердің жақындығы мен ауытқудың сәйкес түрлері – соңғы конструкциялар үшін;
- майысатын және айналатын түрлердің арасындағы өзара байланыс;
- бойлама құрылыстың жеке элементтерінің күйі (аз ғана қалыңдықтағы көпір жабындысы және ортасынан жүретін көпірдің немесе ферманың көлденең бөренелері және т.б.)
- тақталардың ассиметриялық күйі және т.б.

7.7.1.5 Әрбір бөлек жинақталған күш белдігін белгілеу ұзындығы 10 м аспайтын жүктемелер үшін динамикалық әсерлердеі қайта бағалауға әкеледі. Мұндай жағдайларда рельстерден, шпалдар мен балластан түскен жүктемелерді бөліп тарату есептерінің нәтижелері есепке алынуы мүмкін.

7.7.1.6 Жеке белдік жүктемелері динамикалық жүктемені есептеу кезінде бойлама бағытта бір қалыпты бөліп таратылмауы тиіс.

7.7.1.7 Бойлама құрылысты статикалық немесе динамикалық қалыпта есептеу қажеттілігі 7.8-суретте берілген логикалық схема негізінде анықталады.

7.7.1.8 7.9-суретте берілген логикалық схеманы қолданғанда мына қосымша ережелерді басшылыққа алу керек:

- Статикалық конструкция деп негізгі бөренемен еркін тірелген бойлама құрылысты, немесе аз ғана қисықтығы бар бойлама тақталарда айтамыз;

- Д1 және Д2 кестелері мен оларды қолданудың сәйкес шамалары Д қосымшасында берілген;

- Динамикалық жүктемені есептеу нақты поездың жиі кездесетін пайдалану жылдамдығы конструкцияның резонанс жылдамдығына тең болған жерде талап етіледі;

- ϕ_{dyn}^1 нақты поездарға арналған динамикалық әсер компонентін анықтайды және 7.7.8.3 сәйкес есептелінеді;

- Бөлінбейтін жүйелі көп бойлама құрылыс жағдайында А2 ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 (А2, А2.4.4 кара) А2 қосымшасында берілген төзімділік, шекті деформация, жолаушылар жайлылығының өте жақсы стандартына сәйкес келетін жолаушылар вагоны корпусының ең жоғарғы жылдамдату (немесе сәйкес шекті ауытқуларға арналған) талаптарын қанағаттандыру тиіс.

- 7.6-суретте көрсетілген шекті мәндер аймағына кіретін бірінші жеке жиілігі n_0 бар және берілген жердегі ең жоғарғы сызықты жылдамдығы 200 км/сағ аспайтын көпірлер үшін динамикалық жүктемені есептеу талап етілмейді;

- Жоғарғы шектен (1) асатын (7.6-суретте) бірінші жеке жиілігі n_0 бар көпірлер үшін (динамикалық жүктемені есептеу талап етіледі;

- Жоғарғы шек n_0 рельс жолдарының ақауларына негізделіп динамикалық қосымша әсерімен анықталады және $n_0 = 94,76 \cdot L^{-0,748}$ формуласымен беріледі;

- Төменгі шек n_0 динамикалық әсер белгілерімен анықталады және $n_0 = 80/L$ 4 м үшін $\leq L \leq 20$ м және $n_0 = 23,58 \cdot L^{-0,592}$ 20 м $< L \leq 100$ м үшін, мұндағы n_0 – тұрақты жүктеме болғандағы көпірдің бірінші жеке жиілігі, ГЦ; L – бойлама құрылыстың, бөлінетін көпірлердің ұзындығы, м немесе L_{Φ} - көпірдің басқа түрлері үшін.

- Майысуға ғана ұшырайтын бөлінетін бойлама құрылыс үшін жеке жиілік, Гц мына формуламен анықтала алады:

$$n_0 = \frac{17,75}{\sqrt{\delta_0}}, \quad (7.10)$$

мұндағы δ_0 —тұрақты әсерлерден болған бойлама құрылыстың ортасындағы майысу. Ол көпірдің жеке жиілігіне сәйкес келетін жүктеме мерзімдеріне сәйкес темір бетон көпірлерге арналған төзімділіктің қысқа мерзімді модулін қолдану арқылы есептелінеді.

7.7.1.9 7.9-суретте берілген логикалық схемаға сәйкес жоғары жылдамдықтағы қозғалыспен пайдалануға арналмаған бөлінбейтін бойлама құрылыстар динамикалық есептеуді қажет етпейді.

7.7.2 HSLM жүктеме модельдерімен конструкцияларды динамикалық жүктеу параметрлері

7.7.2.1 HSLM жүктеме модельдерімен конструкцияларды динамикалық жүктеу параметрлері әмбебап поезддарды іріктеу негізінде анықталады. Әмбебап поездды іріктегенде Еуропа Одағының теміржол желісінде жүретін поезддарға тән келесі шекті шектеулерді пайдалану керек.


Поездар үш категорияға бөлінеді:

- бөлшектелген;
- қарапайым;
- тұрақты айналымдағы.
- әрбір белдік жүктеме P 170 кН мәнімен шектелген, ал қарапайым поезддар үшін де (7.11) формуласына сәйкес қабылданған мәнмен шектелген:

$$4P \cdot \cos\left(\frac{\pi d_{BS}}{D}\right) \cos\left(\frac{\pi d_{BA}}{D}\right) \leq 2P_{HSLMA} \cdot \cos\left(\frac{\pi d_{HSLMA}}{D_{HSLMA}}\right), \quad (7.11)$$

мұндағы P_{HSLMA} , d_{HSLMA} және D_{HSLMA} — 7.4-суретке және 7.2-кестеге сәйкес әмбебап поезддардың және D_{HSLMA} жолаушылар вагонының ұзындығына сәйкес келетін параметрлер:

- жеке әмбебап поезд үшін, мұндағы $D_{HSLMA} D$ мәніне тең;
- екі әмбебап поезд үшін, мұндағы D_{HSLMA} тең емес, ал D_{HSLMA} мәні D асатын және D аспайтын болып алынады;
- D , D_{IC} , P , d_{BA} , d_{BS} және e_{CM} мәндері 7.10 ÷ 7.12 суреттерінде берілген бөлшектелген, қарапайым және тұрақты айналымдағы поезддар үшін сәйкес сияқты берілген:



Схемадағы белгілер:

V — берілген жердегі ең жоғарғы сызықтық жылдамдық, км/сағ;

L — бойлама құрылыс ұзындығы, м;


n_0 — тұрақты әсерлермен жүктелген көпірдің майысқан жерінің жеке бірінші жиілігі, Гц;

n_T — тұрақты әсерлермен жүктелген көпірдің майысқан жерінің жеке бірінші айналмалы жиілігі, Гц;


v — ең жоғарғы берілген жылдамдық, м/с;

$(v/n_0)_{lim}$ — Д қосымшасында берілген және осы қосымшада берілген поездардың жеке түрлеріне ғана жүреді. Осы қосымша HSLM жүктеме моделі үшін таралмайды.


7.9-сурет[6.9-сурет]—Динамикалық қалыпта есептеудің қажеттігін анықтауға арналған логикалық схема



7.10-сурет[E.1-сурет] –Бөлшектелген поезд



7.11-сурет[E.3-сурет] -Қарапайым поезд



7.12[E.2-сурет] –Тұрақты айналымдағы поезд

- D қашықтығы, м жолаушылар вагонының ұзындығына немесе 7.8-кестеге сәйкес тұрақты қайталанатын белдіктер арасындағы қашықтыққа сәйкес;
- белдік аралық интервал d_{BA} $2,5 \leq d_{BA} \leq 3,5$ формуласына сәйкес арбаша шегінде орналасады;
- қарапайым поезддар үшін (7.11) формуласымен анықталатын жақынкөлік құралдарының арбашалары ортасының арасындағы қашықтық d_{BS} , м.;

7.8-кесте-HSLM жүктеме моделіне сәйкес келетін жоғары жылдамдықтағы жолаушылар поезддарына арналған шектеу параметрлері

Поезд түрі	P , кН	D , м	D_{IC} , м	e_c , м
Бөлшектелген	170	$18 \leq D \leq 27$	—	—
Қарапайым	(7.14) формуласына сәйкес келетін 170-тен аз мән	$18 \leq D \leq 27$	—	—
Тұрақты айналымдағы	170	$10 \leq D \leq 14$	$8 \leq D_{IC} \leq 11$	$7 \leq e_c \leq 10$

- D/d_{BA} мәндері ($d_{BS} - d_{BA}$)/ d_{BA} бүтін сандарға жақын болмауы тиіс;
- поездың ең жоғарғы толық салмағы 10 000 кН тең болуы тиіс;
- поездың ең жоғарғы салмағы 400 м тең болуы тиіс;
- белдіктің ең жоғарғы серіппесіз салмағы 2 т тең болуы тиіс.

7.7.2.2 [Е.2(1)] Желілік бөренелерге тән динамикалық күй көрсететін және ұзындығы 7 м және одан да көп еркін тірелген бойлама құрылыстар үшін HSLM-A жүктеме моделі негізінде алынған бөлек әмбебап поезд динамикалық жүктемені есептеуге пайдаланыла алады.

7.7.2.3 ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 ережелеріні Е.2(2) сәйкес соңғы әмбебап поезд төмендегілердің функциясы ретінде берілген:

- қозу толқынының аумалы ұзындығы λ_c , м, мұндағы қозу толқынының аумалы ұзындығы λ_c :

- ең жоғарғы есептік жылдамдықтағы λ_v қозу толқыны ұзындығының, м;
- көпірдің ұзына бойының L , м;
- қозу толқынының ұзындық диапазоны 4,5 м-ден λ_v көлеміне м дейінгі $A_{(L/\lambda)} G_{(\lambda)}$, кН/м қаттылығының шекті мәнінің қызметі болып табылады.

7.7.2.4 ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 ережелерінің Е.2(3) сәйкес ең жоғарғы есептік жылдамдықтағы қозу толқынының ұзындығы мына формуламен беріледі:

$$\lambda_v = v_{DS} / n_0, \quad (7.12)$$

мұндағы n_0 - еркін тірелген бойлама құрылыстың бірінші жеке жиілігі, Гц;

v_{DS} - ең жоғарғы есептік жылдамдық, ереже бойынша 1,2 тең боуы тиіс х берілген учаскедегі ең жоғарғы желілік жылдамдық м/с.

7.7.2.5 [Е.2(4)] Қозу толқынының аумалы ұзындығы ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 ережелерінің Е.4÷Е.17-суреттерінде ұзындығы L , м, қозу толқынының ұзындық диапазоны 4,5 –тен λ_v , м дейін болатын бойлама құрылыс үшін $A_{(L/\lambda)} G_{(\lambda)}$ қаттылықтың шекті мәніне сәйкес келетін λ_c көлемі ретінде берілуі тиіс

Егер бойлама құрылыстың ұзындығы ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 ережелерінің Е қосымшасындағы Е.4÷Е.17-суреттерінің базалық ұзындығына L сәйкес келмесе, онда L көлеміне сәйкес келетін екі сурет назарға алынуы тиіс. Олар бойлама құрылыстың ұзындыған аз немесе бойлама құрылыстың ұзындыған көп қабылданған. Қозу толқынының аумалы ұзындығы λ_c ең жоғарғы қаттылыққа сәйкес келетін сурет негізінде анықталуы тиіс. Диаграммалар арасында интерполяция жасауға рұқсат етілмейді.

МЫСАЛ


Берілгені: Бір бойлықты бөлінетін бойлама құрылыс ұзындығы 20 м ($L=20$ м). Жеке жиілігі 5 Гц ($f_0=5$ Гц) құрайды. Демпфирлеу $\zeta = 1,0\%$. Поездың ең жоғарғы жылдамдығы 300 км-сағ.

Талап етіледі: Аумалы поездардың сипаттамалары.

Шешімі: Ең жоғарғы есептік жылдамдық $v_{\max}=300 \cdot 1,2/3,6=100$ м/с

$$\lambda_{\max} = v_{\max} / f_0 = 100 / 5 = 20 \text{ м}$$


ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 Е қосымшасынан қажетті 7.13-суретті табамыз:



7.13-сурет

7.13-суретке сәйкес, 0 –ден 20 м дейінгі диапазонда ең жоғарғы қаттылық мәніне 20 м болғанда қол жеткізеді. Онда $\lambda = \lambda_{\max}$.

7.14-суретте аумалы поездың сипаттамасын анықтаймыз $\lambda = 20$ үшін:



7.14-сурет

$D=20\text{ м, } d=2\text{ м, } P_k=180\text{ кН.}$

7.7.3 Қарастыруға жататын жылдамдықтар

7.7.3.1 [6.4.6.2(1)P] Әбір нақты поезд және HSLM жүктеме моделі үшін ең жоғарғы жылдамдықты қоса алғанда жылдамдықтар мәнінің бірқатарын қарастыру керек. ең жоғарғы жылдамдық ереже бойынша $1,2 \times$ берілген учаскедегі желілік жылдамдықтан болуы тиіс. Берілген учаскедегі ең жоғарғы желілік жылдамдық бекітілуі тиіс.

7.7.3.2 ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 ережелерінің 6.4.6.2(2)-тармақшасына сәйкес есептер 40 м/с –тен ең жоғарғы есептік жылдамдық болатын жылдамдықтар қатарына жүргізілуі тиіс. Жылдамдықтың аз сатымен көбеюі резонанс жылдамдықтар ауданында қолданылуы тиіс.

Сызықты бөренелер сияқты бейнелене алатын еркін тірелген бойлама құрылыстар (бөлінетін) үшін резонанс жылдамдықтар мына формула $v_i = n_0 \cdot \lambda_i$ бойынша және ең жоғарғы есептік жылдамдық $40 \text{ м/с} \leq v_i \leq$ бойынша анықталуы тиіс.

мұндағы v_i – резонанс жылдамдық, м/с;

n_0 – жүктелмеген конструкцияның бірінші жеке ауытқу жиілігі;

λ_i – қозу жиілігі толқынының негізгі ұзындығы, ол мына формуламен анықталады:

$$\lambda_i = \frac{d}{i}, \quad (7.13)$$

мұндағы d – белдік топтарының арасындағы тұрақты интервал;

$i = 1, 2, 3$ немесе 4.

7.7.4 Конструкцияны демпфирлеу

7.7.4 Конструкцияның резонанс жылдамдығына сәйкес келетін көлік жылдамдығына ең жоғары шекті әсері демпфирлеуге байланысты.

7.7.4.2 Есептерде демпфирлеудің төменгі шектері ғана қолданылуы тиіс. Динамикалық жүктемелерді есептеудің ең төменгі демпфирлеу мәндері 7.9-кестеде берілген.

7.9-кесте [6.6-кесте] - Есепке алынуы тиіс демпфирлеу мәндері

Бойлама құрылыстардың түрі	Төменгі шекті мәні ζ (аумалы демпфирлеуден пайздық мөлшерде), %	
	Ұзына бойлық $L < 20 \text{ м}$	Ұзына бойлық $L \geq 20 \text{ м}$
Болат және болат темір бетон	$\zeta = 0,5 + 0,125 \cdot (20 - L)$	$\zeta = 0,5$
Алдын ала жүктелген бетон	$\zeta = 1,0 + 0,07 \cdot (20 - L)$	$\zeta = 1,0$
Темір бетон және қатты арматурасы бар темір бетон	$\zeta = 1,5 + 0,07 \cdot (20 - L)$	$\zeta = 1,5$

7.7.4.3 [6.4.6.4(4)] 30 м-ден аспайтын бойлама құрылыстар үшін көлік құралдары мен көпір салмақтарының өзара байланысының динамикалық нәтижелерінде ең жоғарғы шекті реакцияның резонансқа бетбұрысы байқалады. Осы нәтижелердің әсері төмендегілердің есебінен есепке алынуы мүмкін:

–көлік құралы мен конструкцияның өзара байланысының динамикалық сараптамасын орындау,

ЕСКЕРТПЕ Қолданыстағы көлік құралы мен көпір конструкциясының динамикалық өзара байланысын есепке алу әдісі мемлекеттік органның уәкілетті ұйымымен келісілуі тиіс.


–Конструкция үшін қолданылатын демпфирлеу мәнінің жоғарлауы 7.15-суретке сәйкес.

Бөлінбейтін бөренелер үшін барлық бойлама құрылыстарға арналған ең аз мән $\Delta\zeta$, % қолданылуы тиіс. Қолданылуға жататын толық демпфирлеу мына формуламен беріледі:

$$\zeta_{TOTAL} = \zeta + \Delta\zeta, \quad (7.14)$$

$$\Delta\zeta = \frac{0,0187 \cdot L - 0,00064 \cdot L^2}{1 - 0,0441 \cdot L - 0,0044 \cdot L^2 + 0,000255 \cdot L^3} [\%], \quad (7.15)$$

мұндағы ζ — аумалы демпфирлеуден болатын төменгі шегінің мәні, %, ол 7.9.-кестесі бойынша анықталады.



7.15-сурет[6.15-сурет]-Бойлама құрылыс ұзындығы L, м ретінде қосымша демпфирлеу $\Delta\zeta$, %

7.7.5Көпірдің қаттылығы

7.7.5.1 ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 ережелерінің 6.4.6.3.3(1) сәйкес сәйкес динамикалық жүктеменің ең жоғарғы әсері ереже бойынша жүктеменің еселенген жиілігі мен конструкцияның өз жиілігінің мәндері сәйкес келгенде резонанстың ең жоғары шегінде болады.

7.7.5.2[6.4.6.3.3(2)P] Барлық конструкция үшін қаттылықты бағалаудың төменгі шегі қолданылуы тиіс.

7.7.5.3 ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 ережелерінің 6.4.6.3.3(3) сәйкес сәйкес конструкция элементтерінің қаттылығын анықтауды қоса алғанда жалпы конструкцияның қаттылығы ҚР ҚН EN 1992 – СН РК EN 1994 сәйкес бағалануы мүмкін.

Юнга моделінің (серпімділік модулі) мәндері ҚР ҚН EN 1992 – ҚР ҚН EN 1994 бойынша анықталады.

$f_{ck} \geq 50$ Н/мм² қысқанда ($f_{ck, cube} \geq 60$ Н/мм² қысқанда текше беріктігінде) бетонның цилиндрлік беріктігінде Юнга (E_{cm}) статикалық модулінің мәні сәйкес бетон беріктігінің мәнімен $f_{ck} = 50$ Н/мм² ($f_{ck, cube} = 60$ Н/мм²) шектелуі тиіс.

7.7.6 Көпірдің салмағы

7.7.6.1 ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 ережелерінің 6.4.6.3.2(1) сәйкес сәйкес салмақтың кез-келген бағаланмауы конструкцияның өз жиілігінің және резонанс болатын көлік құралдары жылдамдығының жоғарлауына әкеледі.

Резонанста конструкцияның ең жоғарғы жылдамдауы конструкцияның салмағына кері пропорционалды.

7.7.6.2 [6.4.6.3.2(2)P] Балласт пен рельс жолын қоса алып, конструкция салмағының екі жеке жағдайын қарастыру керек:

- құрғақ таза күйдегі ең төменгі мүмкін тығыздықты және балласттың ең төменгі қалыңдығын қолданып, бойлама құрылыстың ең жоғарғы жылдамдауын болжауға арналған салмақты бағалаудың төменгі шегі;

- рельс жолдарының болашақ көтерілуіне жол беретін батпақты сулы балласттың ең жоғарғы мүмкін тығыздығын қолданып, ең аз жылдамдықтарды болжауға арналған салмақты бағалаудың жоғарғы шегі.

7.7.6.3 Балласттың ең төменгі тығыздығы 1700 кг/м^3 тең болып қабылдануы мүмкін. Басқа мәндер жобалық құжаттамада берілуі мүмкін.

7.4.6.4 Тексеру мәліметтері болмаған жағдайда материалдар тығыздығының мәндері ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 бойынша қабылдануы тиіс.

7.7.7 Жүктемелердің үйлесімдігі мен HSLM жүктемесіне арналған коэффициенттердің комбинациясы

7.7.7.1 ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 ережелерінің 6.4.6.1.2(1) сәйкес сәйкес динамикалық жүктемені есептеу үшін бойлама құрылыстан (балласт және т.б.) алынып тасталуы мүмкін өз салмағы мен жүктемелерге байланысты салмақ мәндерін есептеп шығарғанда тығыздықтың берілген мәндері қолданылуы тиіс.

7.7.7.2 Динамикалық жүктемені есептеу үшін 7.10-кестеге сәйкес бір рельс жолы (ең қолайсыз) жүктелкі тиіс.

7.10-кесте — Көпірдегі рельс жоларының санына байланысты жүктеу жағдайларының тізімі

Көпірдегі рельс жолдарының саны	Жүктелген рельс жолы	Динамикалық жүктемені есептеуге арналған жүктеме
1	Біреу	Қозғалысқа рұқсат етілген бағытта (тарда) қозғалатын әрбір нақыт поезд мен HSLM жүктеме моделі (қажет етілсе)
2 (әдетте қарма-қарсы бағытта жүретін поезддар ^{a)})	Кез-келген рельс жолы	Қозғалысқа рұқсат етілген бағытта (тарда) қозғалатын әрбір нақыт поезд мен HSLM жүктеме моделі (қажет етілсе)
	Басқа рельс жолы	Жоқ

^{a)} Әдетте бір бағытта жүретін поезддардан тұратын екі рельс жолы бар немесе берілген жердегі ең жоғарғы желілік жылдамдығы 200 км/сағ асатын үш немесе одан да көп рельс жолдарынан тұратын көпірлер үшін жүктеме мемлекеттік органның уәкілетті ұйымымен келісілуі тиіс.

7.7.7.3 ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 ережелерінің 6.4.6.1.2 (4) сәйкес сәйкес динамикалық жүктемені есептеу шеңберінде алынған есептеу нәтижелері 7.7.8.3 тармағына сәйкес рельс жолына арналған 71 жүктеме моделінің негізінде (немесе бөлінбейтін конструкциялар үшін SW/0 жүктеме моделі) алынған нәтижелерден асатын болса, онда динамикалық жүктемені есептеу шеңберінде алынған есептеу нәтижелері:

- рельс жолына әсер ететін динамикалық жүктемені есептегенде жүктемеге ұшырайтын горизонталь күштер есебінің нәтижелерімен;
- басқа рельс жолына (жолдарына) әсер ететін вертикаль және горизонталь жүктемелер есебінің нәтижелерімен сәйкес болуы тиіс.

7.7.7.4 ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 ережелерінің 6.4.6.1.2(5) тармағына сәйкес егер динамикалық жүктемені есептеу шеңберінде алынған есептеу нәтижелер 71 жүктеме моделінің негізінде (немесе бөлінбейтін конструкциялар үшін SW/0 жүктеме моделі) алынған нәтижелерден асатын болса, онда динамикалық жүктемені (жылдамдаудан басқа майысу сәттері, жылжу, деформациялар және т.б.) есептеу шеңберінде алынған есептеу нәтижелері А қосымшасында берілген үйлесімділік коэффициенттерінің көмегімен көбейтілуі тиіс. Үйлесімділік коэффициенттері көпірдің жылдамдауын анықтағанда HSLM жүктемесіне қолданылмауы тиіс.

7.7.7.5 ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 ережелерінің 6.4.6.1.2(7) тармағына сәйкес көпір кез-келген рельс жолдарында резонанстағы төзімділігіне әсер ететін қосымша әсерлерге есептелінуі тиіс.

7.7.8 Динамикалық есептеу қажет болғанда шекті жағдайларды тексеру

7.7.8.1 ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 ережелерінің 6.4.6.1.2(1) тармағына сәйкес теміржол қозғалысының қауіпсіздігіне кепілдік беру үшін мыналарды орындау қажет:

- бойлама құрылыстың жылдамдауының ең жоғарғы шегіне тексеру жүргізу, оны теміржол қозғалысының қауіпсіздігіне арналған талаптар ретінде қарастыру керек; рельс жолдарының тұрақсыздығын болдырмауға арналған екінші шекті жағдайы (пайдалану жарамдылығын) үшін тексеріледі:

- жүктеме әсерінің динамикалық қосымшасы статикалық жүктемені динамикалық коэффициентке Φ көбейту арқылы есепке алынуы тиіс. Егер динамикалық жүктемені есептеу қажет болса, онда динамикалық жүктеме нәтижелері коэффициентке Φ көбейтілген (егер қажет болса, α коэффициентіне көбейтілген) статикалық сараптама нәтижелеріне сәйкес келуі тиіс, сонымен бірге есептеудің ең қолайсыз нәтижелері қолданылуы тиіс;

- егер динамикалық жүктемені есептеу қажет болса, ($\Phi \times 71$ жүктеме моделі) түрінің есептеу нәтижелеріне және қажет болғанда, бөлінбейтін конструкция мен жіктелген вертикаль жүктемеге, егер қажет болса, арналған ($\Phi \times$ модель нағрузки SW/0) түрінің нәтижелеріне сертті қысымдарды қарастыра отырып, күштердің жоғары жылдамдықтардағы және резонанстағы төзімділігін тексеретін қосымша жүктеменің асып аспағанын анықтау үшін төзімділікке қосымша тексеру жүргізілуі тиіс. Төзімділікті тексеру үшін жобада ең қолайсыз жүктеме қолданылуы тиіс.

7.7.8.2 Рельс жолының бойымен есептелген бойлама құрылысы жылдамдауының есептік рұқсат етілген мәнінің ең жоғарғы шегі ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 ережелерінің А.2 қосымшасындағы А2.4.4.2.1-тармағында ұсынылған мәндерден аспауы тиіс.

7.7.8.3 ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 ережелерінің 6.4.6.5(3)-тармағына сәйкес динамикалық жүктемені есептеу қажет болса, онда ол φ^I_{dyn} динамикалық қосымшаны анықтау үшін қолданылуы тиіс, ол туралы 7.3.5.1-тармағында берілген.

Көлік құралдарынан түсетін вертикаль жүктемелер әсерінің барлық нұсқасын есептегенде көпірді есептеу кезінде көлемдердің ең қолайсызы пайдаланылуы тиіс:

$$\left(1 + \varphi^I_{dyn} + \varphi^{II} / 2\right) \cdot \begin{pmatrix} HSLM \\ или \\ RT \end{pmatrix}, \quad (7.16)$$

немесе

$$\Phi \cdot (LM71 \text{ «+» } SW/0), \quad (7.17)$$

мұндағы HSLM – нақты жоба үшін қолданылатын жүктеме моделі;

(LM71 «+» SW/0)71 жүктеме моделі болып табылады, және бұл бөлінбейтін көпірлерге арналған SW/0 жүктеме моделімен негізделген болса (немесе жіктелген вертикаль жүктеме үшін);

RT– барлық нақыт поездардан болған жүктемелер;

$\varphi^{II}/2$ – рельс жолдарының ақауларынан және рельске жетік қызмет көрсететін көлік құралының кемшіліктерінен болған динамикалық жүктемелер (қысымдар, майысулар, көпірдің бойлама құрылысының жылдамдауы және т.б.) үшін есептік нәтижелердің ұлғаюы (φ^{II} көлемі қалыпты қызмет көрсететін рельс жолдары үшін қолданылуы тиіс);

Φ - 7.3.3-тармағына сәйкес анықталатын динамикалық коэффициент.

7.8 Жүріп жатқан поездардан түсетін аэродинамикалық әсерлер

7.8.1 Жалпы ережелер

7.8.1.1 Жүріп жатқан поездардан түсетін аэродинамикалық әсерлер теміржол жолдарына жақын орналасқан ғимараттар мен құрылыс конструкцияларын есептегенде еспке алынуы тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Осы бөлім негізінен теміржол арқылы өтетін көпір өткелдеріне, сондай-ақ рельс жолдарына жақын орналасқан әртүрлі ғимараттар мен құрылыстарға қатысты.

Теміржол құрамдарының жүріп өтуі рельс жолының маңында орналасқан кез-келген конструкцияны ауыспалы қысымы бар (өз бағыты бойынша) кума толқындар әсеріне ұшыратады.

Әсердің көлемі негізінде:

- поезд қозғалысының шаршысына;
- поездың аэродинамикалық түріне;
- конструкцияның түріне;

— поезд бен конструкция арасындағы қашықтыққа байланысты болады.


Аэродинамикалық әсерлер поездың басында және соңында баламалы жүктемелермен алмасады. Осы жүктемелер пайдалану жарамдылығы және тірек қабілетінің жоғалуы бойынша шекті жағдайларын тексергенде, сондай-ақ теміржол жолдарын қоршайтын конструкциялар мен құрылыстардың төзімділігін тексергенде есепке алынуы тиіс.

7.8.1.2 7.8.2÷7.8.6-тармақтарына ең жоғарғы есептік жылдамдық V , км/сағ сындарлы нышан жел күштерінің тура әсеріне ұшырамаған кездегі жағдайлардан басқа берілген жердегі ең жоғарғы желілік жылдамдыққа тең болып қабылдануы тиіс, ал аэродинамикалық әсер нәтижесінде болған q_{1k} әсер поезд қозғалысының жылдамдығына сүйене отырып анықтау керек.

7.8.1.3 Рельс жолдарымен түйіскен конструкциялардың басында және соңында рельс жолымен параллель өлшенген конструкцияның басынан соңына дейінгі 5 м ұзындықта осы құралдың 7.8.2 ÷ 7.8.6 –тармақтарында айтылған баламалы жүктемелер 2,0 тең жоғарлатушы динамикалық коэффициентке көбейтілуі тиіс.

7.8.2 Рельс жолдарына параллель (мысалы, шудан қорғайтын экрандар) вертикаль жабындыларға түсетін аэродинамикалық әсерлер

7.8.2.1 Әсерлердің сипаттамалық мәндері $\pm q_{1k}$ поездар жылдамдығына тәуелділігінің және баламалы қысымның көлеміне әсер ететін конструкцияның шетіне дейінгі қашықтық негізінде есептеледі. Тәуелділіктер 7.16-суреттегі кескіндемелерде берілген.



(1) — қима; (2) — конструкцияның беті;

(3) — жоғарыдан қарағандығы көрініс; (4) — конструкцияның беті

7.16-сурет [6.22-сурет]-Рельс жолдарына параллель вертикаль беттері үшін баламалы қысымның q_{1k} сипаттамалық мәндері

7.8.2.2 [6.6.2(2)] Осы динамикалық мәндер қолайсыз аэродинамика пішіндері бар поезддарға қатысты және:

—беттері тегіс жылжымалы құрамы бар поезддар үшін - $k_1 = 0,85$ коэффициентімен;

—сүйір бітімді жылжымалы құрам үшін (масылы, ETR, ICE, TGV, Eurostar немесе ұқсас поезддар үшін) $k_1 = 0,6$ коэффициентімен азайтылуы мүмкін.

7.8.2.3 Егер биіктігі $\leq 1,00$ м және ұзындығы $\leq 2,50$ м вертикаль қабырғаның кішкене бөлігі, мысалы шудан қорғау қабырғасының элементі), қарастырылып жатса, q_{2k} әсерлері $k_2 = 1,3$ коэффициентіне көбейтілуі тиіс.

7.8.3 Рельс астындағы горизонталь жабындыларға (мысалы, жоғарғы қорқайтын конструкциялар) түсетін аэродинамикалық әсерлер


7.8.3.1 Әсерлердің $\pm q_{2k}$ сипаттамалық мәндері 7.17-суретте берілген.

7.8.3.2 Есептелінетін сындарлы нышанның жүктеме ені рельс жолдарының белдік жиілігінің кез-келген жағынан ені 100 м дейін болады.

7.8.3.3 В [6.6.3(3)] Бір-біріне қарама-қарсы бағытта жүерітн поезддар үшін әсерлер қосылуы тиіс. Поездардан түсетін жүктемені екі рельс жолында ғана қарастыру керек.

7.8.3.4 q_{2k} әсерлері 7.8.2.2.-тармақшасында берілген k_1 коэффициентінің көмегімен азайтылуы мүмкін.

7.8.3.5 рельс жолын кесіп өтетін кең конструкцияның шетіне әсер ететін әсерлер қосымша 1,50 м дейінгі ендік үшін 0,75 коэффициентіне көбейтілуі тиіс.



(1) — кима; (2) — вертикаль кескін; (3) — конструкцияның артқыжағы

7.18-сурет[6.24-сурет] - Рельс жолдарынан жоғары горизонталь беттеріне арналған q_{2k} эквивалентті қысымының сипаттылық мәні

7.8.4 Рельс жолдарына жақын горизонталь жабындыларға (мысалы, вертикаль қабырғалары жоқ платформаның төбесі) әсер ететін аэродинамикалық әсерлер

7.8.4.1 Әсерлердің $\pm q_{3k}$ сипаттамалық мәндері 7.18-суретте берілген тәуелділіктер бойынша анықталады және поездың аэродинамикалық пішініне қарамастан қолданылады.


7.8.4.2 [6.6.4(2)] Конструкция бойының әрбір жағдайы үшін есептелуге жататын көлемі q_{3k} жақын рельс жолынан қашықтық функциясы a_g ретінде берілуі тиіс. Егер қарастырылып жатқан конструкция элементінің екі жағына да рельс жолдары болса, әсерлер қосылуы тиіс.

7.8.4.3 Егер h_g қашықтық 3,80 м-ден асатын болса, яғни $3,8\text{ м} < h_g < 7,5\text{ м}$, онда әсер q_{3k} төмендегі формула бойынша анықталатын k_3 коэффициентінің көмегімен азайтылуы мүмкін:

$$k_3 = \frac{(7,5 - h_g)}{3,7}, \quad (7.18)$$

мұндағы h_g — рельстің жоғарғы деңгейінен конструкцияның артқы жағына дейінгі қашықтық, м.

$h_g \geq 7,5\text{ м}$ болғанда коэффициент $k_{3k} = 0$ тең етіп алынады.



(1) — қима; (2) — вертикаль кескін; (3) — конструкцияның артқы жағы


7.18-сурет [6.24-сурет] - Рельс жолдарына жақын горизонталь жабындыларға әсер ететін әсерлердің сипаттамалық мәндері

7.8.5 Рельс жолының қасындағы көп жабындылардан (вертикаль, горизонталь немесе көлбеу) тұратын конструкцияға әсер ететін аэродинамикалық әсерлер (мысалы, еңкейген шу оқшаулары, вертикаль қабырғалары бар платформалардың төбелері)

7.8.5.1 [6.6.5(1)] 7.19-суретте берілген $\pm q_{4k}$ әсерлердің сипаттамалық мәндері нормаль бағытында қарастырылып жатқан жабындыларға қолдану керек. Бұл әсерлер 7.16-суреттегі кескіндемеден алынуы тиіс және еске салатын нарсе жолдан қашықтық төмендегіден аз болуы тиіс:

$$a'_g = 0,6 \cdot \min a_g + 0,4 \cdot \max a_g \text{ или } 6 \text{ м,}$$

мұндағы $\min a_g$ және $\max a_g$ қашықтықтары 7.19-суретте көрсетілген.



7.19-сурет [6.25-сурет] - Рельс жолының белдік сызығынан $\min a_g$ және $\max a_g$ қашықтықтарын анықтау

7.8.5.2 [6.6.5(2)] Егер $\max a_g > 6$ м болса, онда $\max a_g = 6$ м мәні қолданылуы тиіс.

7.8.5.3 [6.6.5(3)] 7.8.2.-тармағында берілген k_1 және k_2 коэффициенттері қолданылуы тиіс.

7.8.6 Шектелген ұзындық бойында (20 м дейін) конструкцияның жақындату габариттеріне (рельс жолдарының үстіндегі горизонталь жабынды, аз дегенде бір вертикаль қабырға, мысалы төсеме тақталар, уақытша ғимараттар) жақын жабындыларға әсер ететін аэродинамикалық әсерлер

7.8.6.1 [6.6.6(1)] Барлық әсерлер поездың аэродинамикалық пішініне қарамастан қолданылуы тиіс:

— вертикаль жабындылардың толық биіктігіне $\pm k_4 q_{1k}$;

мұндағы q_{1k} — 7.8.2-тармағына сәйкес анықталады;

$k_4 = 2$;

— горизонталь жабындыларға $\pm k_5 q_{2k}$,

мұндағы q_{2k} — 7.8.3-тармағына сәйкес тек бір ғана рельс жолы үшін;

$k_5 = 2,5$, егер жақын конструкциялармен бір рельс жолы қоршалған болса;

$k_5 = 3,5$, егер жақын конструкциялармен екі рельс жолы қоршалған болса.

7.9 Қажу деңгейін бағалауға арналған темір жол қозғалысынан түсетін жүктемелер

7.9.1 Қажу деңгейінің әсерлерін бағалауды темір жол қозғалысының ауыспалы жүктемелерінің әсерінен болатын қысым деңгейінің айырмасына ұшырайтын конструкцияның барлық элементтерінде орындалуы тиіс. Қажу деңгейін тексеру ҚР ҚН EN 1992-2, ҚР ҚН EN 1993-2 және ҚР ҚН EN 1994-2 ережелеріне сәйкес орындалады.

7.9.2 71 жүктеме моделінің сипаттамалық мәндеріне, Φ динамикалық коэффициентті қоса алғанда, негізделген қалыпты көлік ағымы кезінде қажу деңгейін бағалау көліктік композициялар негізінде орындалуы тиіс.

«Қалыпты көлік ағымының», «Белдікке түсетін жүктемесі 250 кН көлік ағымының» көліктік композициялары немесе «қарқынды көлік ағымының композициялары» пайдаланудың болжамды режиміне қарай анықталады. Қарастырылып жатқан қызмет көрсететін поездар мен көліктік композициялар және қолданылатын динамикалық қосымшалар туралы толық мәліметтер В қосымшасында, сондай-ақ осы құралдың 7.2-бөлімінде берілген.

7.9.3 Егер пайдаланудың болжамды шарттары берілген көліктік композициялардан айтарлықтай ерекшеленетін болса (мысалы, пайдаланғанда көбіне бөлек ауыр құрамдар немесе 1-ден жоғары α мәні бар көлік ағымы үшін), онда пайдалудың болжамды режимі туралы мәліметтері негізінде балама көліктік композиция берілуі тиіс.

7.9.4 Әрбір композиция әрбір рельс жолында көпір арқылы өтетін $25 \cdot 10^6$ т жылдық жүк айналым тоннажына негізделген.

7.9.5 [6.9(5)P] Көп жолды теміржол желісінен тұратын конструкциялар үшін қажу деңгейін тексеруге арналған жүктемелер ең қолайсыз жағдайлардағы көп дегенде екі рельс жолына қолданылуы тиіс.

7.9.6 [6.9(6)] Қажудан болған зақым 100 жыл болып қабылданған пайдаланудың есептік мерзімі бойы бағалануы тиіс.

7.9.7 [6.9(7)] Балама әдіс ретінде қажу деңгейін тексеру нақты жобада берілген және Тапсырыс берушімен келісілген арнайы көліктік композиция негізінде орындалуы мүмкін.

Динамикалық әсерлер мен орталықтан сыртқа тебетін күштерде қоса алғанда теміржол қозғалысының вертикаль әсерлері қажу деңгейін бағалау кезінде есепке алынуы тиіс. Ереже бойынша қажу деңгейін тексергенде дөңгелектердің бүйір қысымдарын және бойлама көлік әсерлерін ескермесе де болады. Кейбір арнайы жағдайларда, мысалы, соңғы станцияларда бірнеше рельс жолдарынан тұратын көпірлер үшін қажу деңгейін бағалағанда бойлама әсерлерді ескеру керек.

7.10 Апаттық әсерлер. Рельстерден шығып кету

7.10.1 Теміржол көпірінде теміржол көлігінің рельстерден шығып кетуі кезінде болатын әсерлер

7.10.1.1 [6.7.1(1)P] Теміржол көпірінде теміржол көлігінің рельстерден шығып кетуі апаттық есептік жағдай ретінде қарастырылуы тиіс.

7.10.1.2 [6.7.1(2)P] Мынадай екі есептік жағдай қарастырылуы тиіс:

— есептік жағдай I: рельстерден теміржол көлігінің шығып кетуі, және де рельстен шыққан теміржол көлігі көпірдің бойлама құрылысында рельс жолдары аймағында қалады және көрші рельстерде немесе вертикаль қабырғаларда ұсталынып тұрады;

— есептік жағдай II: рельстерден теміржол көлігінің шығып кетуі, және де рельстен шыққан теміржол көлігі көпірдің шетінде теңгеріліп тұрады және конструктивті емес элементтерден басқа, мысалы жаяу жүргінші жолы, бойлама құрылыстың шетін жүктеп тұрады.

7.10.1.3 [6.7.1(3)P] Есептік жағдай I үшін конструкцияның негізгі бөлігінің бұзылуын болдырмау керек, дегенмен жергілікті ақауларға жол беріледі. Қарастырылатын конструкцияның бөліктері мына апаттық есептік жағдайларда қолданылатындай жобалануы тиіс (7.20-суретті қара):

- $\alpha \times 1,4 \times LM 71$ (жинақталған жүктеме сияқты бір қалыпты бөліп таратылған жүктеме Q_{A1d} және q_{A1d}), ең қолайсыз жағдайда рельс жолдарына параллель қойылған, ішкі аймақтағы ені жолдың еніне тең, рельс жолының орталық желісінің екі жағынан да 1,5-ке көбейтілген.


7.10.1.4 Есептік жағдай II үшін көпірдің құламауы немесе бұзылмауы тиіс. Жалпы төзімділікті анықтау үшін $q_{A2d} = \alpha \times 1,4 \times LM 71$ үшін ең жоғарғы жалпы ұзындық қабылдануы тиіс. Ол қарастырылып жатқан конструкцияның шетіндегі бір қалыпты бөліп таратылған вертикаль жүктеме ретінде қабылданады. Осы жүктеме конструкцияның жалпы беріктік және төзімділік шегін анықтау үшін қарастырылады.

7.10.1.5 I және II есептік жағдайлар жеке-жеке қарастырылуы тиіс. Осы жүктемелердің комбинациясын қарастырмаған жөн (7.20 және 7.21-суреттерді қара).

7.10.1.6 I және II есептік жағдайларда рельстен шығып кетуіне негізделген әсерлерге ұшырайтын рельс жолдарына үшін теміржол қатынасының басқа әсерлері ескерілмесе болады.


Динамикалық әсерлер 7.10.1.3 және 7.10.1.4 бойынша есептік жүктемелерге қолданылмауы тиіс.

7.10.1.7 [6.7.1(8)P] Рельс деңгейінен жоғары орналасқан конструкцияның элементтері үшін рельстерден шығып кетуден болған салдарды жеңілдетуге арналған шаралар көрсетілген талаптарға жауап беруі тиіс.



- (1) — қабырғаға қарама-қарсы болса, $\max 1,5s$ немесе одан да аз;
 (2) — жолдың еніс;
 (3) — балласт тақтайлары үшін жинақталған күштер тақтайдың үстінен жақтары 450 мм квадрат бойынша бөліп таратылған деп қабылдауға болады.

7.20-сурет[6.26-сурет] –Есептік жағдай I– Q_{A1d} және q_{A1d} баламалы жүктемесі



- (1) — конструкцияның шетіне әсер ететін жүктеме; (2) — жолдың еніс

7.21-сурет[6.27-сурет] –Есептік жағдай II– q_{A2d} баламалы жүктемесі

7.10.2 Апаттық есептік жағдайларға арналған конструкцияның астында немесе оның қасында рельстерден шығып кетуі және басқа да әсерлер

7.10.2.1 [6.7.2(1)P] Рельстерден шығып кеткенде рельстерден шығып кеткен көлік құралы мен рельс жолының үстінде немесе оған жақын орналасқан конструкция арасында соқтығысу қаупі бар. Соққы жүктемелерге талаптар мен басқа да есептік талаптар ҚР ҚН EN 1991-1-7:2006/2011 ережелерінде берілген.

7.10.2.2 [6.7.2(2)] Апаттық есептік жағдайларға арналған басқа әсерлер ҚР ҚН EN 1991-1-7:2006/2011 ережелерінде берілген және есепке алынуы тиіс.

Ақосымшасы
(*ақпараттық*)

А.1 Жалпы ақпарат

А.1.1 ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 «Құрылысты жобалау негіздері» екі шекті жағдайды қарстырады, оларды құрылыстарды жобалағанда ескеру керек:

- соңғы шекті жағдай (тірек қабілетінің шекті жағдайы - ULS);
- пайдалану жарамдылығы бойынша соңғы шекті жағдайы (SLS).

А.1.2 Тірек қабілетінің соңғы шекті жағдайы адамдар қауіпсіздігі мен жалпы ғимараттың қауіпсіздігімен байланысты. Осындай шекті жағдайларға ең алдымен беріктік, пішіннің тұрақтылығы мен орнының тұрақтылығы, төзімділігі жатады.

А.1.3 Пайдалану жарамдылығы бойынша шекті жағдайларғимаратты қалыпты пайдалану мүмкіндігімен, адамдардың ғимаратты жайлы қолдануын қамтамасыз етумен, эстетикалық ерекшеліктеріне байланысты. Пайдалану жарамдылығы бойынша шекті жағдайларға ең алдымен деформацияларды, майысқан жерлерді, поезд пішінінің сынған бұрыштарын, жылдамдатуды, жүктемесі бар ғимараттың ауытқу шегі мен ауытқу жиілігін, сызаттарға төзімділігін және т.б. бақылау жатады.

А.1.4 Әрбір шекті жағдайды есептік жағдайларға қатысты қарастыру керек. Олар ғимараттың барлық қызмет көрсету мерзімі бойынша қолданылуы мүмкін. Көпір ғимараттары үшін қызмет көрсету мерзімі 100 жылға тең.

А.1.5 Келесі есептік жағдайлар ерекшеленеді:

- ғимаратты қалыпты пайдалану шарттарына сәйкес тұрақты есептік жағдайлар;
- уақыт жағынан шектелген, мысалы құрылыс немесе жөндеу барысында, шарттарға сәйкес жылжымалы есептік жағдайлар;
- ерекше жағдайларға немесе ғимарат өрт, жарылыс, соққы немесе жергілікті бұзылу салдары болатын жағдайларға жататын апаттық есептік жағдайлар;
- ғимаратқа сейсмикалық әер ететін әсерлерге сәйкес сейсмикалық есептік жағдайлар.

А.1.6 Құралды автомобиль, жаяу жүргінші және темір жол қозғалысымен байланысты тұрақты, жылжымалы және апаттық есептік жағдайлар берілген.

А.2Ауыспалы әсерлердің көрнекі мәндері

А.2.1 Әсерлердің көрнекі мәндері (жобалағанда ескерілуі тиіс мәндер) ретінде әртүрлі шекті жағдайларда қолданылатын төрт мән деңгейі беріледі. Характеристическое значение Q_k ;

- Комбинациялық мән $\psi_0 Q_k$;
- Жиі болатын мән $\psi_1 Q_k$;
- Тұрақты сияқты мәндер $\psi_2 Q_k$.

А.2.2. Сипаттамалық мән ең алдымен тірек қабілетінің шекті жағдайын және пайдалану жарамдылығы бойынша тексерулер бөлімінде қолданылады. Сипаттамалық

мәндер «нормативтік» терминіне ұқсас болып табылады. Ғимарттың қызмет көрсетуінің барлық мерзімі кезінде осы әсердің мәні бір ретте қолданылмауы мүмкін.

А.2.3 Әсердің комбинациялық мәні басқа ауыспалы әсерлермен бірге есепке алынуы тиіс сипаттамалық мәnniң бір бөлігін білдіреді.

А.2.4 Жиі кездесетін мән тұрақты қолданылуы мүмкін ауыспалы әсерді білдіреді. Осы мән ең алдымен пайдалану жарамдылығы бойынша шекті жағдайларда қолданылады.

А.2.5 Әсерлердің тұрақты сияқты мәндері ұзақ процестер мен апаттық есептік жағдайларды есепке алғанда қолданылады. Ауыспалы әсердің тұрақты тұрақты мәндері тұрақты болып саналатын ауыспалы әсер деңгейіне сәйкес келеді.

А.2.6 Автожол көпірлері үшін әртүрлі жүктеме модельдеріне арналған ψ коэффициент мәні А.1-кестеде берілген. Жаяк жүргінші көпірлері үшін ψ коэффициенттерінің мәндері А.2-кестеде берілген. Теміржол көпірлері үшін коэффициенті мәндері А.3-кестеде берілген.

А.1-кесте[ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 А2.1-кестесі] – Автожол көпірлеріне арналған ψ коэффициентінің ұсыналатын сандық мәндері

Әсер	Белгіленуі		Ψ_0	Ψ_1	Ψ_2
Көлікті жүктемелер	gr1a (LM1+жаяу жүргінші немесе велосипедшілер жолына түсетін жүктемелер) ¹⁾	Екі белдікке	0,75	0,75	0
		Бір қалыпты бөліп таратылған жүктеме	0,40	0,40	0
		Жаяу жүргінші немесе велосипедшілер жолына түсетін жүктемелер ²⁾	0,40	0,40	0
	gr1b (бір белдікке)		0	0,75	0
	gr2 (горизонталь күтер)		0	0	0
	gr3 (жаяу жүргіншілер жолына түсетін жүктемелер)		0	0,4	0
	gr4 (LM4 – адамдардың жиналуы)		0	—	0
	gr5 (LM3 – арнайы көлік құралдары)		0	—	0

¹⁾ gr1a и gr1b жүктеме топтары үшін ұсынылатын Ψ_0 , Ψ_1 , Ψ_2 мәндері автожол қозғалысына таралады және тең бірлікте α_{Q1} , α_{qi} , α_{qj} және β_Q түзету коэффициенттерімен қолданылады. Бір қалыпты бөліп таратылған жүктемеге арналған мәндер жүк көлік құраларының жиналуы сирек кездесетін қарапайым қозғалыс сценарилеріне сәйкес келеді. Жолдың басқа кластары мен басқа жол-көлікті жағдайлар үшін коэффициенттердің басқа сандық мәндері α қолданылуы мүмкін. Мысалы, егер көпірүнемі ауыр көлік құралдарының үздіксіз ағымынан түсетін жүктемелерге ұшырайтын болса, нөлден бастап керемет, LM1 жүйесінде бір қалыпты бөліп таратылған жүктеме үшін Ψ_2 мәні қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ EN 1998 қара.

²⁾ Комбинационное значение нагрузок на пешеходные и велосипедные дорожки, указанное в Таблице EN 1991-2 ережелерінің 4.4a-кестесінде берілген жаяу жүргінші және велосипедшілер жолына түсетін жүктемелердің комбитнациялық мәні «азайтылған» мән болып табылады. Бұл коэффициент үшін Ψ_0 және Ψ_1 коэффициенттері қолданылады.

А.2-кесте[ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 А2.2-кестесі] – Жаяу жүргінші жолдарына арналған ψ коэффициенттердің ұсынылатын мәндері

Әсер	Белгіленуі	ψ_0	ψ_1	ψ_2
Көліктік жүктемелер	gr1	0,40	0,40	0
	Q_{fwb}	0	0	0
	gr2	0	0	0

А.3-кесте[ҚР ҚНЕН 1990:2002+А1:2005/2011 А2.3-кестесі] – Теміржол көпірлеріне арналған ψ коэффициенттердің ұсынылатын мәндері

Әсерлер			Ψ_0	Ψ_1	$\Psi_2^{2)}$
Көлік құралдарының құрамдас жүктемелері ¹⁾	LM 71		0,80	¹⁾	0
	SW/0		0,80	¹⁾	0
	SW/2		0	1,00	0
	Бос поезд		1,00	—	—
	HSLM		1,00	1,00	0
	Ауырлық және тежеу күштері Орталықтан сыртқа тебетін күштер Вертикаль көлік жүктемелері кезіндегі деформациялардан болатын өзара қатынас күштері		Көліктік жүктеме жүктемелер тобы ретінде емес бір көп компонентті басым әсер ретінде қарастырылғанда есептік жағдайда бөлек құрамдас көліктік әсерлер үшін сәйкес вертикаль жүктемелерге ұсынылатын коэффициенттер ψ қолдану керек.		
	Горизонталь жазықтықтағы көпір бойлығы (Бүйірден болатын соққы. Динамикалық жүктеме.)		1,00	0,80	0
	Шаруашылық (қызметтік) жолдарға түсетін жүктемелер		0,80	0,50	0
Негізгі көліктік жүктемелердің әсері (жүктемелер тобы)	Көпірге түсетін жүктеменің есептік схемасы (көпірлерге арналған «қалыпты поезд»)		1,00	1,00	0
	Көпір тіректеріне және ғимараттарға жақын аумақтарда көліктік жүктемелердің жоғарлау салдарынан топырақтың горизонталь қысымы		0,80	¹⁾	0
	Аэродинамикалық әсерлер		0,80	0,50	0
	gr11 (LM71+SW/0)	Ең жоғарғы бойлығы бар ең жоғарғы вертикаль 1	0,80	0,80	0
	gr12 (LM71+SW/0)	Ең жоғарғы көлденеңді ең жоғарғы вертикаль 2			
gr13 (тежеу/ қозғалыстың басы)	Ең жоғарғы бойлық				
gr14 (орталықтан сыртқа тебетін күш/горизонталь жазықтықтағы көпір бойлығы)	Ең жоғарғы бүйір				
	gr15 (бос поезд)	«бос поезд» кезінде бүйір төзімділігі			

А.3-кесте[ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 А2.3-кестесі] – Теміржол көпірлеріне арналған ψ коэффициенттердің ұсынылатын мәндері (жалғасы)

Әсерлер			Ψ_0	Ψ_1	$\Psi_2^{2)}$
Негізгі көліктік жүктемелердің әсері (жүктемелер тобы)	gr16 (SW/2)	SW/2 ең жоғарғы бойлығы бар			
	gr17 (SW/2)	SW/2 ең жоғарғы көлденең			
	gr21 (LM71+SW/0)	Ең жоғарғы бойлығы бар ең жоғарғы вертикаль 1	0,80	0,70	0
	gr22 (LM71+SW/0)	Ең жоғарғы көлденеңді ең жоғарғы вертикаль 2			
	gr23 (тежеу/қозғалыстың басы)	Ең жоғарғы бойлық			
	gr24 (орталықтан сыртқа тебетін күш/горизонталь жазықтықтағы көпір бойлығы)	Ең жоғарғы бүйір			
	gr26 (SW/2)	SW/2 ең жоғарғы бойлығы бар			
	gr27 (SW/2)	SW/2 ең жоғарғы көлденең			
	gr31 (LM71+SW/0)	Қосымша жүктемелер жағдайы	0,80	0,60	0
Басқа эксплуатациялық жағдайлар	Аэродинамикалық әсерлер		0,80	0,50	0
	Шаруашылық жолдарындағы жөндеу жұмыстарынан түсетін жалпы жүктемелер		0,80	0,50	0

¹⁾ 0,8 бір ғана рельске түсетін жүктеме кезінде.
0,7 екі рельске бір уақытта түсетін жүктеме кезінде.
0,6 үш рельске бір уақытта түсетін жүктеме кезінде.

²⁾Тұрақты және ауыспалы есептік жағдайларда теміржол көлік құралдарының әсерінен түсетін деформацияларды есепке алу жағдайында 1,00 тең Ψ_2 қолданылады. Сейсмикалық есептік жағдайлар үшін ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 А2.5-кестесін қара

³⁾бөлек құрамдас көліктік жүктемелермен (мысалы, орталықтан сыртқа тебетін күшпен, ауырлық немесе тежеу күштерімен) бір уақытта әсер ететін ең жоғарғы вертикаль жүктеме 0,5LM71 және т.б. құрайды.

А.3 Әсерлердің есептік мәндері

А.3.1 Шекті жағдайларды тексеру үшін қатты деформацияланған күйдің ізделіп жатқан факторының жалпы қолайсыз мәнін анықтау үшін есептерде қолданылатын формуланың үш түрі берілген. Әрбір формула үшін беріктік коэффициенттерінің өз мәндері мен үйлесімдік ержелері сәйкес келеді:

–А тобы жағдайдың тұрақтылығын тексеру үшін қолданылады;
 –В тобы соңғы және эксплуатациялық шекті жағдайларының негізгі тексерулері үшін қолданылады;

–С тобы геотехникалық тапсырмаларды шешу үшін қолданылады.

–В негізгі топ болып табылады. Сондай-ақ апаттық жағдайлар жеке бөлініп алынған.

А.3.2 Соңғы шекті жағдайлар үшін тұрақтылықтың комбинация ережелері мен коэффициенттер А.4÷А.6-кестелерінде берілген.

Апаттық жағдайлар А.7-кестесінде қарастырылады.

А.4-кесте [ҚР ҚН EN 1990:2002+А1:2005/2011 А2.4(А)-кестесі] – (EQU) әсерлердің есептік мәндері (А тобы)

Тұрақты және жылжымалы есептік жағдайлар	Тұрақты әсерлер		Алдын ала қысым	Басым ауыспалы әсерлер	Ілеспелі ауыспалы әсерлер	
	қолайсыз	қолайлы			негізгі (болған кезде)	басқалары
Формула(6.10) ҚР ҚН EN 1990	$\gamma_{G,j,sup} G_{kj,sup}$	$\gamma_{G,j,inf} G_{kj,inf}$	$\gamma_P P$	$\gamma_{Q,1} Q_{k,1}$		$\gamma_{Q,i} \psi_{0,i} Q_{k,i}$
<p>ЕСКЕРТПЕ</p> <p>Тұрақты есептік жағдайлар үшін келесі коэффициенттер ұсынылады:</p> <p>$\gamma_{G,sup} = 1,05$; $\gamma_{G,inf} = 0,95$; $\gamma_Q = 1,35$ қолайсыз әсер кезіндегі автожол көлігі және жаяу жүргінші қозғалысынан болатын әсер үшін (0 қолайлы жағдайда); $\gamma_Q = 1,45$ қолайсыз жағдай кезіндегі теміржол көлігінен болатын әсер үшін (0 қолайлы жағдайда); $\gamma_Q = 1,50$ қолайсыз жағдай кезіндегі тұрақты есептік жағдайларда барлық ауыспалы әсерлер үшін (0 қолайлы жағдайда); γ_P = ұсынылатын мәндер сәйкес ҚР ҚН EN берілген. $Q_{k,1}$ басым тұрақсыздандырушы ауыспалы әсерді білдіреді, ал $Q_{k,i}$ – ауыспалы есептік жағдайларда тұрақты жағдайды растауға арналған негізгі ілеспелі тұрақсыздандырушы ауыспалы әсерлер. Тиісті бақылау болғанда, құрылыс жұмыстарының кезеңіне арналған коэффициенттердің γ келесі мәндері ұсынылады: $\gamma_{G,sup} = 1,05$; $\gamma_{G,inf} = 0,95$; $\gamma_Q = 1,35$ жұмыс өндірі кезінде қолайсыз әсерлер үшін (0 қолайсыз жағдайларда); $\gamma_Q = 1,50$ қолайсыз жағдайда барлық ауыспалы әсерлер үшін (0 қолайсыз жағдайларда).</p> <p>* Ауыспалы әсерлер А.1÷А.3-кестелерінде берілген.</p>						

А.5-кесте[ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 A2.4(B)-кестесі] – (STR/GEO) әсерлердің есептік мәндері (Втобы)

Тұрақты және жылжымалы есептік жағдайлар	Тұрақты әсерлер		Алдын ала қысым	Басым ауыспалы әсерлер*	Ілеспелі ауыспалы әсерлер *		Тұрақты және жылжымалы есептік жағдайлар	Тұрақты әсерлер		Алдын ала қысым	Басым ауыспалы әсерлер	Ілеспелі ауыспалы әсерлер *	
	қолайсыз	қолайлы						қолайсыз	қолайлы			негізгі (болған кезде)	басқалары
Формула (6.10) ҚР ҚН EN 1990	$\gamma_{G,j,sup} \cdot G_{k,j,sup}$	$\gamma_{G,j,inf} \cdot G_{k,j,inf}$	γ_P	$\gamma_{Q,1} Q_{k,1}$		$\gamma_{Q,i} \psi_{0,i} Q_{k,i}$	Формула (6.10a)	$\gamma_{G,j,sup}$	$\gamma_{G,j,inf} \cdot G_{k,j,inf}$	γ_P		$\gamma_{Q,1} \psi_{0,1} Q_{k,1}$	$\gamma_{Q,i} \psi_{0,i} Q_{k,i}$
							Формула (6.10b)	$\xi \gamma_{G,j,sup}$	$\gamma_{G,j,inf}$	γ_P	$Q_{k,1}$		$\gamma_{Q,i} \psi_{0,i} Q_{k,i}$

ЕСКЕРТПЕ. 6.10 немесе 6.10a және 6.10b формулалары үшін мына мәндер ұсынылады: γ және ξ :

$\gamma_{G,sup} = 1,35^1$;

$\gamma_{G,inf} = 1,00$;

$\gamma_Q = 1,35$, егер Q – автожол және жаяу жүргінші қозғалысынан болатын қолайсыз жағдай (0 қолайлы жағдайда);

$\gamma_Q = 1,45$, егер Q 1-ден 31 дейінгі жүктемелер тобында, LM71, SW/0 және HSLM жүктеме модельдерінде, сондай-ақ нақты поезддарда

теміржол қозғалысынан болатын қолайсыз жағдайларды білдірсе (16, 17, 26³ және 27³ басқа);

$\gamma_Q = 1,20$, егер Q – от 16 және 17 және SW/2 жүктемелер тобының формасында теміржол қозғалысынан болатын қолайсыз жағдай (0 қолайлы жағдайда);

$\gamma_Q = 1,50$ басқа көліктік және басқа ауыспалы әсерлер үшін²;

$\xi = 0,85$ ($\xi \gamma_{G,sup} = 0,85 \cdot 1,35 \approx 1,15$ болатындай).

$\gamma_{Gset} = 1,20$ сызықтық қатты есептер жағдайында және $\gamma_{Gset} = 1,35$ сызықтық емес қатты есептер жағдайында, қалыпсыз деформациялардан (отырулардан) болған қолайлы әсер туғызатын есептік жағдайларда осы әсерлер есепке алынбайды.

γ есептік параметрлерді анықтау бойынша ҚР ҚН EN ұсынылған коэффициентке тең.

¹) Осы мән конструктивті және конструктивті емес элементтердің өз салмағына, шебін басластына, топыраққа, топырақты және ағынды суларға, көлік жүктемелеріне және т.б. жатады.

²) Осы мән топырақтың ауыспалы вертикаль қысымға, топырақты және ағынды суларға, шебін басластына, топырақ қысымын тудыратын шой таспен толтырылған жерлердегі көліктік жүктемелерге, көліктен түсетін аэродинамикалық әсерлерге және т.б. жатады.

³) 26 және 27 жүктеме топтарының формасында теміржол көлігінен түсетін әсерлер кезінде $\gamma_Q = 1,20$ бөлек құрамдастарға SW/2, ал $\gamma_Q = 1,45$ – к - LM71, SW/0 және HSLM және т.б. бөлек құрамдас жүктеме модельдеріне қолдануға рұқсат етіледі.

* Ауыспалы әсерлер A1÷A.3-кестелерінде берілген.

